Жеке инвестордың қаражаты есебінен 2024 жылы «Думан» ықшамауданында 1200 орынды мектеп салу жоспарланған.

Биыл №112 және №195, яғни 2 балабақшаны сейсмикалық күшейте отырып, күрделі жөндеуді бастау көзделіп отыр. Бүгінгі күні 5 жекеменшік балабақша ашылды, тағы 5 жекеменшік балабақша ашу жоспарға енген.

«ДУМАНДА» ЕМХАНА БОЙ КӨТЕРЕДІ

«Думан» ықшамауданында 500 келушіге арналған жаңа емхана салу жоспарланған. Қазір жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр.

№4 және №10 жедел жәрдем көрсететін қосалқы станциялардың ескірген ғимараттарын бұзып, заманауи ғимараттар салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу басталды.

Биыл IV тоқсанда сейсмикалық жағын күшейте отырып, «Алатау» қалалық ауруханасының жанындағы қалалық емханының ғимаратын жаңарту бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы аяқтау жоспарға енген.

III тоқсанда №2 қалалық мамандандырылған балалар үйін күрделі жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттама жұмысы аяқталады.

● ТҮЙІН:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесудің бұл жаңа форматы аудандардың дамуына елеулі үлес қосуда. Ендеше, бұл кездесудің де талай түйінді мәселеге назар аудартып, оны шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік берері анық.

Дайындағандар
Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Биыл Құлжа тас жолының оңтүстігінде
ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ
құрылысы басталады



«Думан» ықшамауданында
500 КЕЛУШІГЕ
арналған жаңа емхана салынады



Жыл соңына дейін Медеу ауданында абаттандыру бойынша
122 ЖОБА аяқталады



Ауданда 290 камера бар.
III тоқсанда
750 ЖАҢА
бейнекамера орнату жұмыстары басталады



«Думан» ықшамауданында
5,5 шақырым **СУ ҚҰБЫРЫ**
мен 8,5 шақырым
КӘРІЗ ЖЕЛІСІ жүргізіледі



Медеу ауданында ұзындығы
32 ШАҚЫРЫМ
жолға орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр





САРАПТАМА

«САЛҚЫН БЕЙБІТШІЛІК» ДӘУІРІ:

АҚШ–ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫ ҚАЙДА БЕТ АЛДЫ?

Бейжіңде АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Қытай басшысы Ши Жиньпинмен (Си Цзиньпин) кездесті. Бұл оның кезекті сапарының белгілі деңгейде сәтті болғанын көрсетті. Себебі, бұл кездесу болмауы да мүмкін еді. Сонау ақпаннан бері екеуінің кездесетіні жайында бірде-бір сөз айтылмаған болатын. Ресми ақпарат құралдарының өзі ол жайында бір сағат бұрын ғана білді. Оған дейін америкалық дипломат Қытайдың қазіргі және бұрынғы Сыртқы істер министрлерімен кездесіп, көзқарас алшақтығын қысқартуға тырысты. Осы үш бірдей кездесуден байқағанымыздай, Бейжің мен Вашингтон арасындағы қайшылықтың қатпары қалың. Оны еңсеріп, қарым-қатынасты оң бағытқа жылжыту оңай емесей.

Қазіргі жаһандық картинада мемлекеттердің саяси үйектерге бөліну үрдісі ашық мойындала бастады. Батыспен терең шиеленіс жолына түскен солтүстік көршіміз, түптеп келгенде, мәселені қарумен шешуге ұрынды. Ал әлемнің алдыңғы экономикасы әрі шартсыз держава – Америка Құрама Штаттарымен ұстаным және мүдде қайшылығына дөп келген шығыс көршіміз қандай жолды таңдауы мүмкін? Бейжің мен Вашингтонның қалт еткен қимыл-қозғалысынан әлем елдері осының жауабын іздейді. Біздің де назар аударып отырғанымыз сондықтан.


Кездесудегі іс-қимылдар мен сөз ләмдері екі елдің болашақ байланыс картасына жол сілтейтін хабарларға толы болды. Былайша айтқанда, Блинкеннің Бейжің сапары АҚШ–Қытай қатынасының даму бағытын болжауға мүмкіндік берді.

Кездесудегі кілтсөздер

Қытай басшысы АҚШ Мемлекеттік хатшысын Халық мәжіліс залында қарсы алыпты. Бұл әдетте мемлекет басшыларын күтіп алатын орын. Бұған қарап Қытайдың да қайшылықты шешуге ниеті аңғарылды. Дегенмен, тұтас жағдайды анықтайтын басқа да символдық белгілер бар.

Кездесудегі сөзінде Қытай басшысы: «Әлем үшін тұрақты Қытай–АҚШ қарым-қатынасы қажет. Екі елдің дұрыс тіл табыса алуы қазірге және болашаққа әсер етеді. Қытай мен АҚШ-тың тәуелсіз дамып, бірге өркендеуіне мүмкіндік бар», – деді. Бұл, әрине, кездесуге деген жылы лебіз. Онымен қоса, Ши Жиньпин өткен жылы Индонезияда президент Байденмен кездесуінде қол жеткізілген консенсусты бірлесіп орындауға шақырды. Бірақ сөзінің соңында зіл де жатты. «Бәсекелестік АҚШ-тың өз проблемалары мен әлем алдында тұрған сын-қатерлерді шешуі былай тұрсын, заман ағымына да сәйкес келмейді. Қытай Америка

АҚШ–Қытай қатынасындағы өзгерістер біздің аймаққа ықпал ететіні анық. Бұл жайында басылымымыз өткен сандарында кеңірек тоқталған болатын. Жақында ғана АҚШ Мемлекеттік хатшысы Бейжіңге сапарлай барды. Екі ел арасында тоқтап қалған дипломатиялық қарым-қатынас қайта жанданғандай болды. Сарапшылардың көбі Вашингтон мен Бейжің арасында қарым-қатынастың жаңа дәуірі басталды деп жатыр. Бірақ бұл «жаңа дәуір» шын мәнінде нені аңғартады? Бейбітшілік пе, әлде тіпті де тереңдей түскен қайшылық дәуірі ме? Екі мемлекеттің өзара іс-қимылдары бізге ғана емес, тұтас жаһандық геосаяси климатқа әсер етіп отыр. Соны ескергенде, тақырыпқа терең көз салуға тура келеді.



Құрама Штаттарының мүдделерін құрметтейді, қарсыласуға және оны алмастыруға да ниетті емес. Сол секілді, АҚШ-та Қытайды құрметтеп, оның заңды құқықтары мен мүдделеріне зиян келтірмеуі керек. Бір тарап екінші тарапты өзінің заңды даму құқығынан айыру былай тұрсын, өз қалауы бойынша қалыптастыра алмайды», – деді ҚКП ОК төрағасы.

Турасында бұл сөздер екі елдің түпкілікті мүдде қайшылығына қаратылып айтылған. Ал өз кезегінде Блинкен былай деді: «АҚШ пен Қытайдың екіжақты қарым-қатынастарын жақсы басқаруға жауапкершілігі мен міндеттемелері бар. Қытаймен жоғары деңгейдегі алмасулар жүргізуді, тұрақты байланысты сақтап, келіспеушіліктерді жауапкершілікпен шешуді, сондай-ақ диалог, алмасу және ынтымақтастықты іздеуді асыға күтеміз». Ши – Блинкен кездесуі қысқа болғанымен, тарқатуға тиіс түйіндері көп болды.

Кілтсөзді шешу

Бұл сөзсәлмасудың ауаны нені аңғартады? Тараптардың диалог пен дипломатиялық алмасуды сақтап қалуды баса айтып

жатқанының өзі қайшылықтың қай деңгейге өсіп бара жатқанын білдіріп тұр. Қос тарап та бір-біріне қарсы әрекеттердің бақылаудан шығып, соңы қақтығысқа ұласып кетуінен алаңдайды. Әрі Вашингтон да, Бейжің де мұндай сценарийді қаламайды. Енді бір жағынан, бұл сөздер державалардың тіресі бұрынғыдан көрі ашыққа шыққанын көрсетті. Бұрын жабық әрі нәзік тақырыптар енді ашық қайшылық тақырыбы ретінде ортаға шықты. Қытай басшысының сөз ләмінен екі елдің бір-біріне бағыттаған сыртқы саясатында «дұшпандық» пиғылдың бар екені де мойындалғандай болды.

Ши Жиньпиннің мына бір сөзін тәпсірлей кетелік: «Бір тарап екінші тарапты өзінің заңды даму құқығынан айыру былай тұрсын, өз қалауы бойынша қалыптастыра алмайды». Бұнда Вашингтонның сыртқы саясатына деген Бейжіңнің үлкен қарсылығы байқалады. «Заңды даму құқығы» деп Бейжің өзінің ауқымды ұлттық мүддесін (Тайваньды қамтыған) меңзегісі келеді. Мұны Құрама Штаттар тарабынан өзгерту мүмкін емес деген сыңай танытып тұр. Демек, қайшылық та міне, осы державалық үстемдік пен мүдделер арасынан шыққан.

Алдағы АҚШ–Қытай қатынасы

Бес жылда алғаш рет сапарлай барған америкалық бас дипломат Қытайдың ең жоғарғы лауазымды тұлғаларымен кездесіп қайтты. Сыртқы істер министрі Чиң Ганды (Цин Ган/Qing Gang) Құрама Штаттарға шақырды және қытайлық әріптесі шақыруды қабылдады. Кездесулерде диалог пен дипломатиялық алмасуларды тұрақты сақтау туралы сөз етті. Демек, алдағы уақытта Вашингтон мен Бейжің арасында дипломатиялық рейстер көбейеді. Ресми кездесулер мен талқылаулар жалғасады. Соның өзі де ұзақ уақыт тоң-теріс күйдегі қарым-қатынастың аз да болса оң бағытқа ыңғай бергені. Дегенмен...

Дегенмен, дипломатиялық барыс-келіске жол ашылғанымен, байланыс сәтсіз құрылды. Кездесулерден кейін тараптардың ешқайсысы үлкен серпіліс жасағандарын мәлімдеген жоқ. Салқынқанды күйде қалып қойды. Алдағы уақытта Қытайдың СІМ басшысы, сауда өкілі, Қаржы министрі де Құрама Штат жеріне барып, екіжақты кездесулер өткізуі мүмкін. Алайда, шиеленісті еңсеретін маңызды шешімдер қабылдай ала ма, жоқ па – мәселе сонда.

Көптеген сарапшылардың аңғарғанындай, келіспеушіліктер терең, әрі қос тарап та бір-біріне жол бере салғысы жоқ. Айталық, Тайвань мәселесінде тараптардың пікір алшақтығы көш бойы жерде тұр. Ши Жиньпин билігі ішкі тұрақтылық пен сыртқы амбиция арасында «Үлкен Қытай» принципін берік қарманып, «Қытай арманын» жүзеге асыруға тырыса бермек. Ал Байден әкімшілігі де кейбір ұлттық мүдделерін кері шегеріп Қытайға жеңілдік жасауға, тікелей санкцияларды қысқартуға ниетті емес. Яғни екі ел қажет кезде дипломатиялық байланысты дамытады, қажет кезде тіреседі, қажет кезде қайта консенсусқа келіп отырады.

Міне, осыған қарағанда, АҚШ–Қытай қарым-қатынасы Блинкен сапарынан кейін жаңа дәуірге қадам басқаны рас. Бірақ бұл барыс-келіс көбейсе де шиеленістер түбегейлі шешім таппайтын, «салқын бейбітшілік» дәуірі болатындай. Тараптардың келіспеушілікті бір-бірілеп шешуге көп күш жұмсауына тура келеді.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

«КӨБЕЛЕК ЭФФЕКТИСІ»

Пияз дағдарысы тағы болуы мүмкін

Бір қарағанда, былтырғы Нидерландыдағы құрғақшылық, Пәкістандағы су тасқыны, Украина мен Ресей арасындағы қарулы қақтығыс және биыл Өзбекстандағы қыстың суық болуы секілді оқиғалар арасында байланыс жоқ секілді. Олардың пиязға мүлдем қатысы жоқ деп ойлауымыз мүмкін. Ал шындығында келгенде, олардың арасында байланыс бар.

Биыл жылдың басында Қазақстанда күтпеген жерден пияз дағдарысы пайда болды. Кенеттен пиязға ішкі және сыртқы сұраныс артты. Ол тек бізді емес, Орталық Азия, Ресей, Иран және Пәкістан секілді елдерді де қамтыды. Сұраныс артқан соң баға да өсті.

Бірақ әлі күнге дейін пияз дағдарысының себебін ешкім ашық айтпай отыр. Ендеше, осы сұраққа жауап іздеп көрелік.

Біздің Үкімет қол қусырып отырмады

Биыл қаңтарда пияздың бағасын дереу реттеу керек болды. 18 қаңтарда «Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия» отырысы өтті. Онда ел аумағындағы пиязды өзге елге сатуды шектеу туралы шешімге келді.

Негізі пияз бағасы өткен жылы шілдеде өсе бастаған. Баға қысқа уақытта шарықтап 2 есе өскен. Сол кездің өзінде Ауыл шаруашылығы министрлігі пиязды сыртқа сатуды шектеу

туралы ойлана бастаған. Бірақ шешім қабылданбады. Сол кезде Үкімет нарық өзін-өзі реттейді деп ойлаған болу керек.

Біз ғана қамданбадық

Пияз тапшылығынан туындаған дағдарыс көрші елдерде де байқалды. Бізбен ілесіе Өзбекстан 20 қаңтарда пияз экспортын тоқтатты. Кейін Тәжікстан мен Қырғыз елі де көшке ілесті.

Дағдарыс Орталық Азия елдерімен бірге Иранды да шарпыды. Алайда, Иран экспортты тоқтатпаған болатын. Керісінше, пиязды сатқаннан түсетін табысқа салықты көбейтіп жіберді. Ирандағы дағдарыс экспорттың күрт өсуінен туындаған еді. Пияздың басым бөлігі Пәкістанға экспортталды. Бірақ Пәкістанның өзі пияз сатуда алдыңғы қатарлы ел болса, тапшылық қалай пайда болған?

Апат айтып келмейді

Былыр маусымда жаңбырдан Пәкістан жерінің біраз бөлігін су шайып кетті. Одан 1600-ден аса адам мерт болып, пияз өсетін егістік алқаптар жарамсыз күйге түскен. Осыдан пияз өнімінің көлемі түсіп кетті. Пәкістан пиязды экспорттау түгілі, халқын қамтамасыз ете алмайтындай жағдайға жетті. Сондықтан сырттан сатып алуға тура келді.

Ираннан басқа, Өзбекстаннан да пияз импортталды. Бір қызығы, Өзбекстаннан пияз импорты қаңтар мен шілде



айларында мардымсыз болған. Тамызда 2,3 мың тонна импортталса, қазан айында бұл көрсеткіш 9,7 мың тоннаға жеткен.

Биылғы Өзбекстандағы қатал қыс пияз нарығындағы жағдайды одан сайын нашарлатты. Қоймада сақталған өнім үсіп қалды.

Бұл оқиғаларды, Нассим Талейтін тілімен айтқанда «Қара аққу» деуге болады. «Қара аққу» деп он ұйықтаса да түсіне кірмейтін, болжау мүмкін емес оқиғаларды айтады. Осындай қара аққулар бірлесіп «Көбелек эффектісін» жасауы мүмкін. «Көбелек эффектісі» Қытайдың бір жерінде көбелек қанатын қалса, Америкада тайфун болуы мүмкін дейді. Пияз дағдарысының себебі осында.

Пияз нарығына саясаттың да әсері бар

Өткен жылы Ресей мен Украина арасында қарулы қақтығыс басталды. Қақтығыс Украинадағы пияз өсіретін алқаптарды тарылтты. Мұның әсерінен оны экспорттайтын елде тапшылық пайда болды. Оны үкіметі Нидерландыдан пиязды импорттау арқылы шешуге тырысты.

Алайда, жағдайды ұзақ уақыт реттеуге мүмкіндік болмады. Себебі, жазда Нидерландының өзінде пияз өсімі ақсаған. Онда егіс алқабын суаратын су көлемі азайған. Су тапшылығы пияз өсіміне әсер еткен.

Бұдан шығатын қорытынды – үкімет пияз нарығын үнемі бақылап отыруы қажет. Себебі, биылғы жағдай қайталануы мүмкін. Сондықтан пияз өнімділігіне әсер етуші табиғи факторлармен бірге, халықаралық жағдай мен сауда соғысы секілді дүниелерге де сак болу керек.

Пердехан ШАМШИЕВ,
сарапшы.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

«Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Әділетті қоғам әділетті заңдардан құрылады

Еліміз тәуелсіздіктің 4-ші онжылдығына қадам басты. Етек-жеңіміз жиналды. Бойымыз тіктелді. Экономика жолға қойылды. Ата Заң жұмыс істеп тұр. Ел аман, жұрт тыныш. Жаңарған әділ қоғамға қарай беттеп барамыз. Бүгін мен болашақты бағамдау әсте қажет. Ол үшін екі дәуірдің кезеңін көрген-түйген жандармен пікірлескен дұрыс. Осы орайда Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясының профессоры, заң ғылымының докторы Жапар ӘЛДИБЕКОВТІ әңгімеге тартқан едік.



Демократиялы дамыған елдерде заң әрқашанда үстем болады

– Әділетті Қазақстан қандай ұғым?

– Бұл ұғымның астары терең. Заңгер ретінде мән-мағынасына зер саламыз. Нақтылап айтқанда, бір қағиданың аясына саяды. Яғни Әділетті Қазақстан – заңның бәрінен биік тұруы. Сондай-ақ, үстемдігі дер едім.

Дүние жүзінің дамыған елдеріне назар аударайық. Сонау АҚШ, Еуропада демократия қалыптасқан деп санаймыз. Демократиялы дамыған елдерде заң әрқашанда үстем болады. Құқықтық мемлекеттің ең негізі деуге толық негіз бар. Ең басты шыңы осы. Бізде де аталған осындай ойларды сөз жүзінде емес, іс жүзінде жолға қойсақ әлі де алға қарай қадам басамыз. Үстіміздегі жылы қос палаталы Парламент түзілді. Халық сайлаған ел өкілдері елдің мүддесін, болашағын мықтайтын, айқындайтын заңдарды қабылдауға ден қойса екен. Осы бағытта бірқатар шаруалар жасала басталды. Ойды ой түртеді.

Айтарым – халық болмаса, мемлекеттік болуы неғайбыл. Әрбір жан білуі тиіс. Мемлекетті мемлекет етіп ұстап, салығын төлеп, әскерін құрып, кәсібін өркендетіп, мәдениеті мен руханиятын көтеріп ұстап тұрған – ел-жұрт. Сол себепті де, ел мүддесіне сай заңдарды көбірек қабылдауы керек. Сонымен қатар, орындалу тетігін қадағалау қажет. Әрбір лауазымды тұлға, депутат, атқамінерлер соларды орындауға және орындалуға құлшынып кіріссе, іс өнеді.

Әділетті Қазақстанның алғы шарттары жетерлік. Соның ең бастысы – әділ қоғам. Еліміздің әрбір азаматы мен азаматшасы ел дамуына, аталған бастамалардың орындалуына мұрындық болса екен. Ауылдағы қарапайым қойшыдан бастап, екі тізгін, қос шылбырды ұстаған

жандардың бәрі атсалысып, Қазақ мемлекеттілігін нығайтса дейміз. Қай жерде адалдық бар, сол мекенде жұмақ орнайды. Онда әділетсіздікке жол берілмейді. Мінекей, заң тұрғысындағы ойымыз осы.

– Әділ қоғамға қарай қадам басу әлемде бар үрдіс пе?

– Әрине! Бұл әлемде бар үрдіс. Әділ қоғам, ол – демократия. Мұны бір күннің шаруасы деп атау – әбестік. Осыған қадам басқан өркениетті елдер турасында сөз арасында айтып өттік. Бұны ғасырлар ісі дер едім. Былайша айтқанда, мемлекетті басқарудың алдыңғы қатарлы әдісі хәм амалына баланады. Ашық қоғам, өз ойын еркін айту, дамыған елдердің тәжірибесінде сайрап жатыр. Батыс елдерінде 100–150 жыл бұрын қалыптасты. Осылай десек, еш қателеспейміз. Біз де өркениетті, озық дамыған державалардан үйреніп келеміз. Біздің кейбір заңдарымыз алдыңғы қатарлы елдердің демократиялы жетістіктеріне негізделген.

Әлемдік қауымдастықтар, демократиялы мемлекет деген заң-законның шеңберінде ғана тірлік қылады. Белгіленген қағидадан аттамайды. Бекітілген ережеге бағынады.

Дала заңы – демократия негізі

– Ата Заңымызды Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукенің «Жеті жарғысына» қарай негіздеуге бола ма?

– Әлбетте! Неге болмасын, болғанда қандай! Қазақ хандығы бүгінгі біздің арғы тегіміз. Барша тарихымыз бен жүріп өткен жолымыз. Бабаларымыз негізін қалап, ұлан-ғайыр даланы жау қолына бермей, ұрпақтары біздерге аманаттап қалдырды. Қайтсек те көздің қарашығындай сақтап, қорғап, елді дамыту – абырой мен парыз.

Сөзіңіздің жаны бар. Бұл тұрғыда да ойлану қажет. Бұндай идея ұлттық мемлекет ұстанымына даңғыл жол ашады. Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы заңдары өзіміздің ғасырлар бойғы өмір-салтымызға бейімделген. Қарапайым, түсінікті, әділетті заң болған. Сол кездегі қазақтың еркіндігі мен бостандығына бағытталған.

Бұл – дала демократиясына негізделген. Сондықтан демократиялық тұрғыда заңдарымызды сәйкестендіруге болады. Бәрі бірден бола қалмас. Дейтұрғанмен, заманның ырқына ыңғайлап, бірте-бірте бейімдей аламыз. Соның ішінде сөз бостандығына, пікір бостандығына кепілдік берілу қажет.

Дана қазақ қайсар, өр мінезді, тік сөйлейді. Ата-бабаларымыз тауып айтатын сөз болса, шектеу қоймаған. Халқымыздың таным-түсінігінде «жасына қарай отырады, жағына қарай сөйлейді» деген. Көздіңіз бе?! Сондай



орынды айтылған ұлағатты пайым. Орынды айтқанның тілін тыймаған. Сәл нәрсеге қисайып қалмаған. Біздің демократиялы болашақ мемлекетіміздің бағыты осы тұрғыда өзінің мызғымас саясатын ұстанса екен.

Мемлекеттік тіл қажеттілікке айналады

– Дүние жүзінде «Гаага соты», «Еуропадағы адам құқықтары мен бостандығы кеңесі» бар. Оларда соттардың тәуелсіздігіне аса мән береді. Бізде қалай?

– Орынды ой айтыңыз. Бұл да сол әлгінде айтып кеткен заң үстемдігінің биік болуына келіп тіреледі. Сондықтан заңның алдында бәрі бірдей. Барлық азаматтардың құқығы тең болуы керек.

«Гаага соты», «Еуропадағы адам құқықтары мен бостандығы кеңесі» – екеуінде де шеніне, атақ-дәрежесіне, ұлтына, жынысына қарамастан, теңдік қарастырылған. Егер айыпталушы өзінің құқығының тапталғандығын сезсе, апелляцияға береді. Тіпті, жеңіп шығып, моральдық өтемақы өндіріп алады. Бұндай фактілер бар. Ол жағын білеміз. Мұндай үрдіс Америка Құрама Штаттарында көптеп кезігеді.

Біз үнемі өзгелерге тамсана бермей, әділ қоғамның негізін өзіміз қалайық. Егер осы аталған ойларды шын мәнінде жүзеге асырсақ, құқықтық зайырлы мемлекетке айналарымыз анық. Бұрынғылар «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» депті. Осы сөз бүгін де өзектілігін жоймады. Бір нәрсені шегелеп өтейін. Қазақстан – унитарлы, зайырлы, адам құқықтарына аса мән берген мемлекет. Осы ой, пікір, ұсыныстарымызды топтап, айналымға енгізсек, заң саласындағы үлкен қадамдарымыздың бірі болады деп есептеймін.

– Қазақ тілі заң тіліне қаншалықты бейімделген?

– Қазақ тілі өте бай тіл. Әдебиет тұрғысынан қарасақ, оны дәлелдеп кеткен ұлы жазушыларымыз баршылық. Заманның заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолында» ағылшынның атақтысы Уильям Шекспирге қарағанда сөздік қоры жоғары болған екен. Мұхтар

Әуезов 15 мың, ал Уильям Шекспир 12 мың сөз қолданыпты. Халқымыздың көрнекті қаламгері 3 мың сөз көп пайдаланыпты. Бұл нағыз рухани байлық деп білеміз.

Осы күні тілге қатысты түрлі ой көп. Қазақтың тілі заң, ғылым, технология тілі болып қала береді. Тіліміздің болашағы зор. Келешекте, аманшылық болса, мемлекеттік тіл барлық салада қолданылатын қажеттілікке айналады.

Заңгер сауатты болса екен

– Жас заңгерлер қандай болуы керек?

– Біз осы салаға ғұмырымызды арнадық. Тәуелсіздіктің қалай қолымызға қонғанын білеміз. Ендігі жерде айтарым біреу. Жас заңгерлер тәуір білім алуы қажет. Ізденіс керек. Жан-жақты болса екен. Өзінің халқына қызмет етуі шарт. Өзінің тілін, ділін, салт-санасын, әдет-ғұрпын жақсы білуі қажет. Күншіл болмауы қажет. Егер сәл нәрсеге қыңыр қылық танытса, ондай мінез 60 жастан асса да бойынан кетпейді. Бұл өмірде жақсы адам болып негізі қаланса дейміз. Адал азамат атанса, ел-жұртына сүйкімді болады.

Біз бір орында, лауазымды қызметте мәңгі отырмаймыз. Әр нәрсенің шегі бар. Әркім қолынан келсе адамдарға жақсылық жасап үйренген жақсы. Осыншама жыл қызмет істеп, зейнет жасына шығасыз. Сол кезде өзіңнен кейінгілердің алдында қадірің болса, артында жақсы іс қалса, нағыз азамат деген сол. Құқықтану саласында оқып жүргендер осы қарпайым өсиетімізге назар аударса, ешкімнен кем болмасы анық.

Сонымен қатар, жастарымыз билер сотынан хабардар болса дейміз. Билер сотының іс қарау тәртібін, шешендік өнерін игерсе дейміз. Жас судия, құқық қорғау саласының маманы адам тағдырын шешетіндігін түйсініп іс қылса, құқықтық мемлекетіміздің нығайғандығы сол деп білемін.

– Келелі ой-пікірлеріңізге рахмет!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АБАТТАНДЫРУ

Су арналарының жағдайын үнемі назарда ұстау қала көркі үшін ғана емес, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін де маңызды. Арық желілерінің жасыл желектерді суаруда, жайлы микроауал құруда да пайдасы көп.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жақында Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы Алматының батыс бөлігіндегі (Наурызбай, Әуезов және Алатау аудандары) арық желісі құрылысының жобасына талқылау жүргізді. Кездесуде жобаны жүзеге асыруға кірісу туралы тапсырма берілді.

Мамандардың айтуынша, «Алматы қаласының батыс бөлігіндегі арық желілері мен нөсер көздерін салу және қайта жөндеу» жобалық сметалық құжаттамасы аясында құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылдың 24 мамырында басталған. Бүгінде құрылыс жұмыстары ашық конкурстың нәтижесі бойынша Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы мен «SHEBERBUILD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігер ұйымы арасында жасалған келісім-шарт аясында жүріп жатыр. Жоба бойынша жалпы ұзындығы 119 шақырым арық желісіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қажет жеріне жаңадан арықтар тартылады. Айта кетейік, екі жылдық мерзімге жоспарланған жоба аясында қала бойынша 376 шақырым арық желілерін салу және қайта құру көзделген. Нақтырақ айтқанда, 276 шақырым қайта жөндеуден өтіп, 100 шақырым жаңа су арналары салынады.

Қазіргі таңда Алматының арық желісінің жалпы ұзындығы 1525 шақырымды құрайды. 2020 жылғы мәліметтерге сүйенсек, бүгінде аудандарға қарасты 1138 шақырым, ауалар аумағында – 245 шақырым, саябақ аймақтарында – 60 шақырым ұзындықты құрайтын арық бар.

Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының сөзіне құлақ түрсек, бұл бағытта заманауи технологиялар пайдалану қолға алынған. Айтуларынша, төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, мәселен су басу учаскелерін жою қажет болған кезде, апаттық-қалпына келтіру жұмыстарына дайындық кезеңінде коллекторлардың, жабық каналдардың жағдайын тексеру үшін робот құрылғылары қолданылады. Мәселен, жоғарыда айтылған коллекторлар мен каналдардың құрылыс жұмыстары аяқталған соң, оларды тексеру жұмыстарында да осы роботтарды қолдану жоспарлануда.

Бүгінде Алматыда барлығы 16 коллектор бар. Бірақ олардың 12-сі істен шыққан, апаттық жағдайда болатын. Басқарма мамандары жоғарыда аталған жоба аясында ұзындығы 16,2 шақырым болатын 12 коллекторды қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізгенін айтып отыр. Жалпы, арық желілерінің негізгі мақсаты – жаңбыр мен еріген қар суын қолданыстағы өзендерге бұру немесе коллекторлық дренаждық желілерге қосу екені белгілі.

Жасыратыны жоқ, көктемде еріген қар мен жаңбыр суы арнасынан асып, көшелерді көлге айналдырып жататын жағдайлар, өкінішке қарай кейде орын алып жатады. Сондықтан қала аймағындағы арық жүйелеріне толыққанды жөндеу жүргізіп, су арналарының санын көбейтуді кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады. Ал егер бұл жұмыстар нәтижелі болып, айтып келмейтін апаттардың алдын алуда пайдасын тигізіп жатса, ешкім қуанбаса, ренжімейтіні анық.

АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ

Алматының инфрақұрылымында маңызды рөл атқарады



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Көше бойымен сылдырап ағып жататын арықтар қала тарихының бір бөлігі іспеттес. Бірақ біз сол арықтарға мән беріп қарамаймыз. Ал аға буын өкілдері Алматы арықтарынан ағып жататын су сыбдырының өзі ерекше күйге бөлейтінін айтып, сағына еске алады. Кіші Алматы өзенінен бастау алып, Абай даңғылымен төмен қарай зулай ағатын арықтар жайында алматылықтар өздерінің әсерлі естеліктерімен бөлісіп, біз білмейтін деректер айтты.

Сыпайы ЖОЛСЕЙІТОВА,
зейнеткер:Арықпен ағып келген
алмаларды
жей беретінбіз

1968-1972 жылдары шет тілдері институтында оқыдым. Біздің студент кезімізде, Алматының арықтары керемет еді ғой, шіркін! Шаршаған кезде құрбыларымызбен арықтың жағасына отыра қалып, әңгіме-дүкен құратынбыз. Мөлдіреп ағып жататын судан құдды бір әннің әуені естілетіндей болатын. Ол кезде жастар да өте мәдениетті еді. Үлкендердің ескертуіне ешқашан ренжімейтін. Кейде тіпті, арықпен бірге ағып келген алма, өріктерді алып еш ойланбай жей беретінбіз. Арықтағы сулар түп-тұнық болатын. Қазіргі арық желілеріне онша күтім жоқ. Әсіресе, жеке секторларда, жол бойындағы арықтарда тұрмыстық қалдықтардың жататынын жиі байқаймын.

Аман НҮСП,
қала тұрғыны:

Жастығымның куәсі

Біздің студент кезімізде көше бойындағы арықтарда мөлдір су еркелей сылдырап ағып жататын. Қазір қала заманға сай дамып жатыр. Дегенмен, сол кездегі арықтар секілді үздіксіз су ағып жататын су арналары қазір аз. Бұл енді мүлде бұл бағытта жұмыс жүрмейді деген сөз емес. Мәселен, мен күнде жұмысқа барарда Мәсінші көшесінің бойымен жаяу жүремін. Арық толы болмаса да, суы тап-таза ағып жатыр... Бұл арықтар менің жастығымның куәсі. Осы тұста арнайы мамандарға айтар өтінішім, жеке сектордағы көшелердің бойына арық желілерін міндетті түрде жүргізілуін қадағаласаңыздар екен. Қала билігі бұған бей-жай қарамайды деп сенеміз.

Бағдат МАҚСАТУЛЫ,
жеке кәсіпкер:

Көшеге сән береді

Арық желілерін тек жаңбыр суын ағызатын нысан ретінде ғана қарастыруға болмайды деп ойлаймын. Алматының арықтары көше бедерінің айрықша бөлшегі. Олар көшеге сән беріп қана қоймай, халықтың қолайлы өмір сүруі үшін қызмет етіп тұр. Үлкен ағаштар жерасты суымен қоректенетінін ескерсек, арықтардың жасыл желекті суаруда да маңызы зор. Арық желілері біріншіден, ауаны ылғалдандыруға септігін тигізсе, екіншіден, қала көшелерін су басудан сақтайды. Сонымен қатар, жасыл-желек суарып, ауа құрамын дұрыстауға жәрдемдеседі. Сондықтан қала көшелерінің барлығында су арналарының болуы тиіс.

САНА ТАЗАРМАЙ, ҚАЛА ТАЗАРМАЙДЫ

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАҒАНҒА НЕ ЖЕТСІН!



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Қоршаған ортаның тазалығына бей-жай қарамайтын жастар мен түрлі ұйым өкілдерінен жасалған 200-ге жуық адам тазалық науқанына қатысты.

«Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ». Халық даналығын арқау еткен белсенділер демалыс күні Алматыда айналыны тазалауға кірісті.

«Тұрақты жол» деп аталған экологиялық науқан «Маяк» ықшамауданында ұйымдастырылды. Таң атысымен тұмса табиғаттың тазалығын ойлап келгендер Түркісіб ауданындағы аталған ықшамауданда бас қосты.

Жасы да, аға буын өкілдері де «Әуежай» көлі мен оның айналасын қоқыстан тазалады. «Бастаманың мақсаты – қоршаған ортаны аялау, болашақ ұрпақтың бойына экомәдениет ұғымын сіңіру», – дейді ұйымдастырушылар.

«Жұртшылыққа үгіт-насихат жасап, табиғатпен бірге өмір сүруді үйретуді мақсат еттік. Қазір Сайран көлін тазартып жатырмыз», – деді Экология департаментінің басшысы Данияр Әлімсейітов.

Көлді тазарту жұмыстарына арнайы қайық бөлініп, су бетіндегі тұнба мен шөптер тазартылды. Тазалық науқанына қатысушылар өзімен бірге қажетті құрал-сайманын сайлап, балаларын да ертіп келіпті. «Бұл жағдай жас ұрпақты табиғатты сүйуге, оның тағдырына бей-жай қарамауға үйретеді», – дейді белсенділер.

Таңертең ерте тұрып, жуынып, өзіңді реттеп, табиғатты аялағанға не жетсін. Әлбетте, үлкен мақсаттың өзі осындай кішкентай қадамнан басталады. «Қоршаған ортаны аялау, климатты сақтау, айналыны таза ұстау – әрқайсымыздан басталады. Біз балаларымызға шаһарымызды жасыл күйінде қалдырғымыз келеді. Ал бұл бастама болашақ жастарды табиғатты сүйуге, оны қорғай білуге үйрететініне кәміл сенемін», – деді екінші деңгейлі банктің басқарушысы Клара Эрмакбаева.

Серпінді сенбілікті Іскер әйелдер қауымдастығы, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясы, Түркісіб ауданы әкімдігі, қалалық Экология департаменті, білім беру орталықтары мен қаржы ұйымдарының өкілдері бірлесіп ұйымдастырды. Науқан нәтижесінде жиналған қоқыс қайта өңдеу үшін отандық компанияларға жіберілді.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Тұрғындар алма
бағына алаңдаулы

Алматының тау бөктеріндегі мыңдаған алма ағашының кесілуін тұрғындар түсінбей әлек.

Осыдан үш жыл бұрын, желтоқсан айында Экология министрлігі өкілдерімен кездесуде алматылықтар Көмен үстіртіндегі ағаштар мен бақтарды жаппай кесу мәселесін көтерген-тін. Алматы тұрғындары содан бері жасыл желектердің жағдайын ойлап алаңдаулы.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашүкеев 5,2 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылғанын, бірақ бұл нақты алма баққа қатысты емес екенін айтты. Министр биыл 2 млн гектардай жерді қайтару жұмысы жүріп жатқанын айтты.

Әзірлеген А.ҚЫДЫР.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАҢА ҒИМАРАТТА – ЖАҢА ТЫНЫС

Бүгінде ревматологиялық аурулар әлемді аландатып отыр. Оның үстіне, кешегі COVID-19 салдары бұл дертті тіпті өршітіп жіберген деп отыр мамандар. Біздегі ахуал да мез емес. ҰҒДСО-ның ресми мәліметіне сүйенсек, Алматыда ревматологиялық ауруға шалдыққан 118 мыңнан астам адам тіркелген.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Кейінгі он жылда бұл дертпен ауырғандар саны 31%-ға көбейген. Оның ішінде науқастардың 65%-ы еңбекке қабілетті жастағы (18-ден 59-ға дейін) адамдар; емделген жандардың 37%-ы ауруына байланысты мүгедектер; 78%-ы әйелдер және олардың орташа жасы 48 жас, яғни бала туатын жастағы әйелдер осы ауруға көбірек бейім. Жалпы, ревматологиялық аурулар да дұрыс емделмесе мүгедектікке әкеледі. Сондықтан бұл мәселеге жіті назар аударған қала басшылығы Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты «Қалалық ревматология орталығын» кең де үлкен ғимаратқа көшірді.

Бұрын аталған орталық Әйтеке би көшесінде ескі ғимаратта орналасқан болатын. Ондағы тәулік бойы жұмыс істейтін 65 стационарлық төсек пен күндізгі стационардағы 10 төсек-орын тұрғындарға дер кезінде ревматологиялық көмек көрсетуге қауқарсыз еді. Ал бұл ахуал өз кезегінде ауруханаға жатып ем-дом қабылдауға тиіс пациенттердің кезегін тым ұзартып жіберген.

Ерболат Досаев Алматы қаласына әкім болып келген кезде

шаһар тіршілігімен жақын танысу үшін аралауға шыққан алғашқы күні-ақ осы Ревматология орталығының мүшкіл жай-күйін көріп, бірден назарға алып, оны қала активінің алдына шығарып, аурухана аумағын ұлғайту туралы шешім қабылдады.

«Ерболат Асқарбекұлының біздің мәселеге көңіл аударып, оны бірден күн тәртібіне шығарып, ауқымды нысан бөлгеніне шексіз ризамыз. Қазір көшіп келген ғимаратымыздың жалпы ауданы 4738,1 ш.м. Бұл бізге тәулік бойы жұмыс істейтін ауруханаға 120 төсек-орын қоюға, ал күндізгі стационарды 20 төсекке дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Ал ең бастысы – кешенді мамандандырылған ревматологиялық көмекке аса мұқтаж пациенттерімізге дер шағында және сапалы медициналық көмек көрсетуге қол жеткіздік», – дейді Алматы қаласы Ревматология орталығының директоры, медицина ғылымының кандидаты Анар Күлембаева.

Алматылық ревматолог-мамандар жаңа мекенжайға көшуді биылғы наурызда бастап, мамырдың соңына қарай толықтай орнықты. Еңселі ғимарат іші жап-

жарық, есік-терезесіне дейін жаңаланған клиникада бүгінде жұмыс қайнап жатыр. Ревматология орталығы – республикадағы Алматы қаласы мен еліміздің барлық аймағынан келетін науқастарға мамандандырылған ревматологиялық көмек көрсететін жалғыз монопрофильді медициналық ұйым. Мұнда консультативті-диагностикалық, жоспарлы стационарлық медициналық және зертханалық көмек көрсетіледі. Орталықта 5 құрылымдық бөлімше жұмыс істейді. Бәрі заманауи аппараттармен жабдықталған.

Істің көзін білетін Анаркүл Бәкірқызының жетекшілігімен орталыққа бірқатар тың жаңалық енгізіліп, қызметкерлердің деңгейін де, ревматологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеуді де жақсартуға бағытталған бірнеше жоба жүзеге асырылды.

Мәселен, орталықта жүкті әйелдердің ішкі тізілімі (регистрі) құрылды. Олар босанғанға дейін және қол-аяғын бауырына алғаннан кейін 42 күн мамандардың жіті бақылауында болады. Пациенттің ұялы телефонына ревматолог-дәрігерге енді қай шамада бару керектігін

есіне салып қоятын СМС-хабарлама келеді.

Сондай-ақ, жүкті әйелдің қалалық ревматология орталығына әр келгені де міндетті түрде тіркеліп отырады. Бұл әйелдің жағдайын, ахуалын үнемі бақылауда ұстап отыруға мүмкіндік береді.

Пациенттерге қолдау көрсету үшін «Остеопороз орталығы» да ұйымдастырылған. Онда сүйек аурулары бар адамдарды тексеру және емдеу іс-шаралары жүргізіледі. Көрсетілетін көмектің қолжетімділігін арттыру үшін әлеуметтік желілерде қашықтан, онлайн-консультация жұмысы енгізілген.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен остеопороз орталығына сүйек тінінің тығыздығын және сыну ықтималдығын анықтайтын рентген-денситометр сынды бірегей аппарат орнатылды. Осы орталық аясында еліміздің барлық өңіріндегі ревматологтар үшін қысқы және жазғы мектептер ашылды. Онда шетелдік мамандар шеберлік сабақтарын, түрлі тақырыпта дәрістер өткізіп, жалпы практика дәрігерлеріне ұсыныстар әзірлейді.

Ревматологиялық аурулармен ауыратындардың жалпы санының 70–80%-ы әйелдер, негізінен репродуктивті жастағы әйелдер екенін ескере отырып, орталық осы санаттағы жандарға білім беру жұмыстарын белсенді жүргізеді. Орталық базасында «Артрит мектебі», «Жүкті және фертильді жастағы әйелдерге арналған мектеп» құрылған. Мұнда пациенттерге дәрі-дәрмекті дұрыс қабылдау, дұрыс тамақтану туралы дәрістер өтеді. Сондай-ақ, ревматикалық аурулар жөнінде толыққанды, жан-жақты ақпараттар беріледі.

Алматылық ревматолог-мамандар ревматикалық аурулардың күрделілігіне қарамастан, білім-біліктің, орталықтағы озық үлгідегі медициналық аппараттардың арқасында пациенттерге сапалы қызмет көрсетіп, олардың өмірін ұзартып, тіпті талай науқасты аурудың салдарынан болатын мүгедектіктен сақтап қалуда.

Алматы қаласы Ревматология орталығының ақ халатты абзал жандары жаңа ғимаратқа көшкелі еңселері тіктеліп, жұмысқа одан әрі құлшына түскендерін жасырмайды.

ЖАС САХНА

ОҚУШЫЛАР БУЛЛИНГ ТУРАЛЫ СПЕКТАКЛЬ ҚОЙДЫ

Мегаполистегі «АРТИШОК» театрының сахнасында жасөспірімдер арасындағы буллинг, суицид және есірткі сынды өткір әлеуметтік мәселелерді көтеретін «Всё, что тебя задевает» деп аталатын спектакльдің тұсауы кесілді.

Иә, бұл тақырыптар бүгінгі күні тым өзекті болып отыр. Ата-ана мен бала арасында қарым-қатынастың болмауы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзілуіне шақ тұрғаны, жеткіншектер арасында бір-біріне доқ, сес көрсетуі, болашақ туралы теріс түсініктер, міне, осының бәрі алматылық оқушылар сахналаған бір қойылымның өне бойынан табылады. Театр қойылымы шынайы өмірге жақын, өйткені ол нақты оқиғаларға негізделген.

Жобаның ерекшелігі сол, қойылымды «Қадам» жастарға арналған әлеуметтік орталықтың дарынды жеткіншектері сахналаған. Спектакль авторының пікірінше, қойылым ата-аналар мен жасөспірімдердің көзқарасына әсер етуі мүмкін. Ата-аналар балаларын түсініп, қолдай бастайды, ал жасөспірімдер қиын сәттерді қалай еңсе-

руге болатынын біліп, жақындарына өз тәжірибесін бөліседі деген үміт, сенім бар.

Осы орайда айта кетсек, «Қадам» орталығы 2018 жылдан бастап халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы дарынды балаларды оқытып келеді. Орталықта балалар актерлік шеберлік, графикалық дизайн, SMM, қаржылық сауаттылық сияқты заманауи мамандықтарды тегін оқып жүр.

«Қадам» ашылғалы бері 1500-ден астам студент білім алып, кәметке толғандардың 60 пайыздан астамы жұмысқа орналастырылған.

«Қадам» жастарға арналған әлеуметтік орталық жеткіншектері сахналаған балғын туындыға «Алматы дарыны» орталығы мен Алматы қаласы Білім басқармасының өкілдері қолдау көрсетті.

Нұр ЖАМАЛ.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ТРЕНАЖЕР ЗАЛДАРЫ

халыққа қолжетімді болмай тұр...

Серік
ЖҰМАБАЕВТүрлі жеңілдіктер
қарастырылса екен...

Мәселен, бір Алматыда ірілі-ұсақты 70-ке жуық фитнес клубтар, сауықтыру орталықтары бар. Алайда, олардың бағасы, қызмет көрсету құны өте қымбат. Тренажер залына аптасына үш рет барсаңыз, айына 30 мың теңге төлейсіз. Бассейнде жүзудің бір айға арналған арзан абонементінің өзі 25-30 мың тұрады. Бірақ кез келген адам тренажер залдарына баратын болса, оның өз бетімен дайындалғаны емес, кәсіби инструктормен бірге жаттыққанын қалайды. Өйткені, онсыз қанша ай шұғылданса да нәтиже шығару қиын. Жаттығу залдарының өзі де инструкторлармен дербес айналысуға кеңес береді. Алайда, оған тағы да қосымша ақы қосылады. Әр инструктор өз қызметі үшін кем дегенде 15 мың теңге алады. Егер ол спорт шебері немесе түрлі сайыстардан чемпион атағын алса, оның қызмет ақысы қымбат болады. Бұл ретте кәсіби маманның жаттығуына топ болып қатыссаңыз, сәл арзандау түседі. Ал егер жеке өзін ғана дайындайтын болса, оның құны жоғары тұрады. Бұл тұста тренажер залдарының бәрі жеке болғандықтан, ешқандай жеңілдік қарастырылмаған.

Жүйелі шаралар атқару қажет

Оның үстіне, үлкен компаниялар мен әрбір университеттің, түрлі мекеменің бас-басына спорт кешендері бар. Бұлардың барлығы мемлекет қаражаты есебінен салынды. Солай бола тұра, бұлар да жұртшылыққа қолжетімді болмай тұр. Халық үшін салынған нысандарды да қалың бұқара пайдалана алмай отыр. Шынында да, ведомстволық спорт кешендері олардың жекеменшігіне айналып кеткендей. Өзгелерді есігінен аттап бастырмайды.

Бірер жыл бұрын елімізде бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Әрбір облыс, аудандарда түрлі спорттық нысандар ашылды. Бірақ бүгінде спорттық нысандардың қолжетімділігіне қатысты сұрақтар көбейді. Қоғамда спорттық нысандардың, яки спорттық секциялардың қымбаттығына қатысты алаңдаушылық артып отыр. Спорт жанаушылары мәселені жылы жаба салмай, оны түбегейлі шешу керектігін айтады. Әсіресе, құзырлы министрліктер есеп үшін өзіне тиесілі шараларды

Қазір Алматы мен Елордада, облыс орталықтарында фитнес-клуб, спорт залдары аз емес. Бірақ күнделікті күйбең тірлік пен жұмысбастылықты ескеріп, жұртшылықтың тән саулығына жаппай ден қоюына мұрша беріп жатқан бірде-бір спорт залы жоқ. Олар әлдеқашан қалтасы қалыңдарға ғана қызмет көрсетудің жолына түсіп кетті.



атқарумен шектелмеу керек. Ұлт саулығы мәселесі тұрған жерде білімге, спортқа және денсаулық сақтауға жауапты ведомстволар біріге отырып, жүйелі шаралар атқару қажет.

Мемлекеттік деңгейде
шешетін уақыт жетті

Бір қуанарлығы, Алматыда түрлі спорт алаңдары ашылып жатыр. Дегенмен, оның кейбірі жауапсыз мердігерлердің кесірінен қирап, жарамсыз болып қалған. Дөнекерлеген темірлері сынып, сапасыз жасағаны аңғарылып тұрады. Ал ведомстволарға қарасты спорт кешендері қарапайым халықтың қалтасына сай қызмет көрсетпей отыр. Оларға қаржысын төлемей, еш кіре алмайсыз. Бағасы аспандап тұр. Біз бұлай жүріп, бұқаралық спортты қалай дамытпақпыз?

Сондықтан мұны мемлекеттік деңгейде шешетін уақыт жетті. Егер мемлекет тиісті

тапсырмалар беріп, оны жіті қадағалап отыратын болса, шешілмейтін мәселе жоқ. Өйткені, сондай үлкен ведомстволардың басшысы сол спорт кешенінен түсетін табысқа күндері қарап қалмайды. Олардың онсыз да бизнесі, табысы жеткілікті. Бұл жерде тек ынта мен ықылас керек. Министрлік пен жергілікті әкімдік бірлесе отырып істің нәтижелі шешілуіне мүдделі болуы тиіс.

Спорттық нысандарды
күтіп ұстамаса болмайды

Мұны ретке келтіру үшін мемлекет, жергілікті әкімдіктер спорт кешендері бар ведомство басшыларымен келісім-шартқа отыруы керек. Осылайша олар белгілі бір күндері жастарға тегін қызмет көрсетіп, ал оның шығынын мемлекет төлеуі тиіс. Өйтпесе, олар жұртшылыққа тегін қызмет көрсете

алмайды. Егер олар жастардан ақы алмай тегін кіргізе берсе, ертеңгі күні спорттық жабдықтардың барлығы ескіріп, тоз-тозы шығып кетсе, оны қалпына келтіруге қаражатты қайдан табады? Өйткені, спорт жабдықтарының барлығы мәңгілік емес, оны күтіп, жөндеп ұстамаса, ол да күндердің күнінде тозады. Сондықтан бұған байыппен қарап, жан-жақты ойластырып барып шешім қабылдауымыз керек.

«100 спорт кешенін салу»
бағдарламасы қажет

Негізі, мемлекеттің есебінен салынған спорттық кешендердің барлығы дерлік тиімді пайдаланылып отырған жоқ. Бұл жерде ірі кәсіпорындарға қарасты спорт кешендерін айтпай-ақ қояйық, қарапайым мектеп спорт залдарының өзі көп жағдайда бос тұрады. Үш ай демалыста да олардың есігі ашылмайды. Оқушылар оны тек оқу кезінде ғана ара-тұра пайдаланып отыр. Егер кешкі 7-де сабақ бітсе, сол мектептің маңайында тұратын бір қызметкерге жауапкершілік артып, 8-ден 11-ге дейін спорт залдарын ашып қойсақ, осының өзі жастарға үлкен көмек болар еді. Ал ведомстволық спорт кешендері қарапайым жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін мемлекет оларға қолдау көрсетуі тиіс.

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, бұқаралық спортты дамыту үшін «100 мектеп, 100 аурухана» секілді «100 спорт кешендерін салу» бағдарламасын қолға алуымыз керек секілді. Егер осындай бағдарламаны қабылдап, жүйелі түрде жұмыстар атқарсақ, бұқаралық спортты дамытуға үлкен мүмкіндік болар еді. Қарап тұрсаңыз, миллиардтаған қаржыға шетелден неше түрлі дәрі-дәрмек сатып алып жатырмыз. Бірақ халықтың денсаулығы жақсарып кетті ме? Жоқ. Елдің денсаулығын арттыру үшін спорт кешендерін көптеп салуымыз керек. Осыны созбалаңға салмай, ертерек қолға алсақ жақсы-ақ болар еді.

● ГРЕК-РИМ

Қырғызстанда өткен күрес түрлерінен жасөспірімдер (U-17) арасындағы Азия біріншілігінде еліміздің балуандары үздік нәтиже көрсетті.

ҚОРЖЫНЫМЫЗДА –
18 ЖҮЛДЕ

Грек-рим күресі шеберлерінің жарысында Қазыбек Қалмағанбетов (60 кило) пен Бекжан Исмағұлов (110 кило) күміс алса, Мұқан Бекнұр, (48 кило), Әлібек Тұрлығазы (65 кило), Диас Сейітқалиев (71 кило) және Еркебұлан Әнапия (80 кило) қолаға қол созды. Еркін күрес шеберлерінің сайысында Едіге Қасыбек (110 кило) қарсылас шыдатпай бас жүлдені олжаласа, Нұрдаулет Сейілбеков (71 кило) пен Самир Дурсунов (92 кило) финалда ұтылды. Ал Ералы Амангелді (45 кило), Ералы Жетпісов (48 кило), Олжас Жауынбаев (51 кило), Аллан Оралбек (55 кило) және Алмас Сабыр (65 кило) қола медальді иеленді.

Қыздар арасындағы сайыста Ирина Абдуллина (49 кило) мен Софья Змазнева (61 кило) екінші орын алса, Мейрамгүл Максот (65 кило) пен Меруерт Назарбаева (73 кило) үшінші сатыға табан тіреді.



● ВЕЛОСПОРТ

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ
БАСТАЛДЫ

Кеше Талдықорғанда Қазақстан велоспорт федерациясының күнтізбесіндегі басты оқиға – велоспорттан Қазақстан Республикасының чемпионаты басталды. Жарысқа 175 спортшы қатысуда, оның 18-і паралимпиадашылар. NCRC 25 маусымға дейін жалғасады.

Жеке жарыс 15 км,
тандем класы «В»

ЕРЛЕР:

1. Кенжеғұл Сейітжан, Антон Лаврентьев.
2. Дастан Тәлім, Мақсат Нұрпейісов.
3. Александр Малыгин, Эльдар Файзуллин.

ӘЙЕЛДЕР:

1. Жұлдыз Қайнарова, Әйгерім Нұрғали.
2. Гүлхая Жуашбаева, Ульяна Сухоребрик.
3. Жазира Мүлкібаева, Халида Қайырбекова.

Жеке жарыс 15 км, «С4» класы

1. Павел Бабенко, Шакер Смағұлов.

● ӘЛЕМ ФУТБОЛЫ

Португалия құрамасының шабуылшысы әрі капитаны Криштиану Роналду 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу турнирінде Исландиямен сырт алаңдағы матчта өз командасын бастап шықты.

ТАРИХТАҒЫ ҮЗДІК
КӨРСЕТКІШ

Криштиану Роналду ұлттық құрама сапында 200 рет алаңға шыққан тұңғыш футболшы атанды. Бұл 38 жастағы К.Роналдудың ұлттық құрама сапындағы 200-ойыны. Сөйтіп, португалиялық шабуылшы футбол тарихында осындай көрсеткішке қол жеткізген бірінші ойыншы атанды. Бұрын рекорд кувейттік Бадер аль-Мутаваға тиесілі еді. Ол өз құрамасының сапында 196 кездесу өткізді.

Португалия құрамасы J тобында 3 ойыннан кейін 9 ұпай жинап, жекедара көш бастап келеді. Қарсыластар қақпасына 13 доп соқса, өздеріне бірде-бір гол өткізген жоқ.

Футболдан 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу сатысында 4-тур мәресіне жетті. J тобында сынға түсіп жатқан Португалия құрамасы бұл турда

да жеңіске жетті. Олар сырт алаңда Исландиямен шеберлік байқасқан еді.

Бұл топта Босния және Герцоговина өз алаңында Люксембургке 0:2 есебімен жол берсе, Лихтенштейн Словакиядан 0:1 есебімен жеңілді. Ал A тобында Шотландия Грузияны 2:0, Норвегия Кипрді 3:1, E тобында Албания Фарер аралдарын 3:1, Молдова Польшаны 3:2, F тобында Австрия Швецияны 2:0, Бельгия Эстонияны 3:0 есебімен тізе бүктірді. Ал G тобында Венгрия Литвадан 2:0 есебімен басым түссе, Болгария мен Сербия 1:1 есебімен тең ойнады. Енді бесінші тур ойындары 7, 8, 9 қыркүйек күндеріне белгіленген.

Әзірлеген Гүлжанат
СЕМБАЕВА.



ЖАҢА ТРЕНД



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бүгінгі еңбек нарығы едәуір өзгерді. Олай дейтініміз, атын бұрын-соңды естіп көрмеген SMM, нейросеть маман, таргетолог, мобилограф, байер деген жаңа мамандықтар шықты. Бұл ұялы телефонмен-ақ, үйінде отырып табыс табатын мамандар.

Ал Қытайда ванхундар деген бар. Олар – TikTok және басқа да стримдерде тікелей эфирде отырып тауар сататын блогерлер. Мәселен, Остин Ли деген әйгілі ванхун 12 сағат бойына стримде отырып, тікелей эфир арқылы 1,7 млрд доллардың тауарын сатып жіберген.

Қысқасы, ақшаны күреп табатын, нарықтың қазіргі сұранысына бейімделген жаңа мамандықтар пайда болып жатыр. Біз бүгін соның ішіндегі мобилограф туралы аз-кем тарқататын боламыз.

Мобилографтың дәурені де бүгінгі цифрландыру дәуірінде қарқынды дамып келеді. Сәл шегініс. «Мобилография» дегенді ең алғаш енгізген ресейлік суретші Дмитрий Резван екен. 2004 жылы Дүниежүзілік мобилографтар қоғамы құрылған. «Мобилография» сөзі «мобиль» – «мобильді телефон», «граф» – «жазу, сипаттау, суреттеу» дегеннен шыққан.

Бұрын суретке түсу үшін арнайы фотосалонға барып, фотография барып түсетін едік. Ал қазір қолыңыздағы алақандай ұялы телефоныңызбен-ақ қалаған жеріңізде тұрып өміріңіздің әр сәтін видеомен де таспалай бересіз. Әйтпесе, сол жұмысты атқарып беретін адам, яғни мобилограф жалдауыңызға болады.

Қазір әлеуметтік желілерден байқасаңыз, елге белгілі тұлғалардың, өнер адамдарының әр күні, жүрген-тұрғаны жарқ-жүрк еткен сәттерге, салтанатқа толы. Немесе әлдебір тауарлардың жарнамасын қарап отырсаңыз, бірінен-бірі өтеді, еріксіз еліктіріп әкетеді. Міне, соның бәрін қалта телефонымен-ақ сәндеп жасайтын мобилографтар. Смартфон арқылы түрлі креативті және қысқа ғана, үзік-үзік шолу бейнелерін түсіріп, оны мон-



таждауға, тікелей эфирлер жасауға болады. Бұл бағытқа, әсіресе, жастар бейім келеді.

Иә, бүгінде көптеген бизнес видео-контент арқылы дамиды. Қазіргі күні Қазақстанда 1,5 млн-нан асатын бизнес нүктесі бар екен. Кәсіпкерлер сол бизнесін көпшілікке ұсыну, сату, өткізу үшін мобилограф маманға жүгінеді. Ал бұл өз кезегінде бизнесмендердің шығынын айтарлықтай азайтып, оларға қосымша мамандар ұстауды қажет етпейді.

Мобилографтардың өзгелерден артықшылығы – материалды жедел беруінде. Ал мұндай жылдамдық бүгінгідей бірін-бірі жұтып жатқан ақпараттар тасқынында ауадай қажет. Сонымен қатар, жәй ғана ұялы телефон арқылы визуалды контент әзірлей отырып, болып жатқан үлкенді-кішілі іс-шараларды тез жариялау сіз ұсынған өнімдердің әрқашан трендте болуына мүмкіндік береді. Бүгінде үлкен сұранысқа ие болған мобилографтар үшін олардың өзін одан әрі дамыту, қолданыс аясын кеңейтуіне жол ашу үшін

логграфтар үшін олардың өзін одан әрі дамыту, қолданыс аясын кеңейтуіне жол ашу үшін

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сая АЙДОСҚЫЗЫ,
мобилограф, 22 жаста:

Президенттің де жеке мобилографы бар

Мобилограф таныстарым көп. Бұл жақсы табыс әкелетін мамандық. Мен де қызығып, заман көшінен қалмайын деп, өз бетімше үйрене бастадым. Арнайы курстарға да жазылдым. Себебі, бұл жұмыс аса ыждағаттылықты, шығармашылық ізденісті, тіпті сабыр, төзімді талап етеді екен. Әрине, сосын ұшқыр қиял, сергектік, яғни болмашы ғана дүниенің өзінен әдемілікті көре білетін қасиет, талғампаздық, еңбекқорлық керек. Білетін боларсыз, Президентіміздің өзінде жеке мобилографы бар. Бұл – керек мамандық.

Алматы – әсем қала. Кез келген жері әдемі, видеоконтент жасауға сұранып тұрады. Қазір маған бір өнер орталығына мобилограф болуға ұсыныс түсіп жатыр. Айналысып жүрген ісімді тағы бір пысықтап, жетілдіріп алайын деп, шамалы уақыт сұрадым. Бұйырмаса, маманданған мобилограф болатын шығармын.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Шомылу маусымында сақ болған жөн



Айнабай
МӘДІ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қалалық құтқару қызметінің, азаматтық қорғаныс, өрт бақылау басқармаларының басшылары тұрғындарға су айдынындағы қауіпсіздік ережесін еске салып, балалардың судағы қауіпсіздігін ерекше ескертті.

Жағалауда баланы қараусыз қалдырмаңыз!

«Жазғы демалыс пен суға шомылу маусымы басталысымен су айдындарындағы демалыс уақытында қауіп-қатер арта түсетіні бар. Мұндайда балаларға төнетін қауіп аз емес. Алдын алу жұмысының тиімділігі нәтижесінде былтырдан бастап осы күнге дейін су айдындарында адам өліміне жол берілмеді, – деді Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Әнуар Юсупов. – ТЖД судағы жазатайым оқиғаны болдырмау мақсатында полиция қызметкерлерін, әскери қызметшілерді, құтқару қызметі мен республикалық жедел құтқару жасағы құтқарушыларын, сондай-ақ құрамға еріктілерді де тартып, рейдтік іс-шаралар өткізеді».

Қауіпсіздік ережесі жөнінде «Әуежай» су-құтқару станциясында Кіші Алматы көлінде кезекшілік ететін ҚР ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы Ринат Файзулин былай деді: «Жаз кезінде ата-ана, оқытушы мен тәрбиешілер білуі керек негізгі ережеге назар аударғмы келеді. Балалардың суға батуының басты себебі – балаларды су айдыны маңында қараусыз қалдыру. Балалардың жабдықталмаған жерде, тау өзенінде суға түсуі – аса қауіпті сәт. Балалар селфиге түсеміз деп, тайғақ тастан құлап, суға баспен құлауы мүмкін».



Керек дерек

- Қаламызда 44 су айдыны: өзен, көл, арық пен тоған бар. Оның 12-сі – суға шомылу маусымында аса қауіпті.
- Былтыр жазғы кезеңде құтқару қызметі 2 мыңға жуық адамды қиын-қыстау жағдайдан құтқарды, оның 68-і – бала.
- Жыл басынан бері Алматыда отқа салғырт қараудан өршіген 25 оқиға тіркелді.

Жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы су айдыны маңындағы жабдықталған белгі ескерілуі керектігін ерекше айтты. Демек, тыйым салған белгі орнатылған шомылу орнында моторлы қайықпен, гидроциклмен жүзуге, сондай-ақ тік жартастан, қайықтан, катамараннан, т.б. секіруге болмайды. Ал балалар суға шомылып ойнап жүріп, тереңге жүзіп кеткенін байқамай, суға батып, тұншығуы әбден мүмкін. Су

қоймаларында үйде қолдан жасалған үрлемелі құралмен, автокөлік дөңгелегінің камерасымен жүзуге тыйым салынады.

Жедел-құтқару жасағы алдын алу іс-шарасы кезінде тау өзендеріне рейд жүргізеді. Аталған жерлерде су маңында жүрудің ережесі жазылған арнайы жадынама ата-аналарға таратылады. Әуежай маңындағы көлде тәулік бойы кезекшілік атқарылады. Бұл жерде де ескерту, һәм тыйым салу белгілері орнатылған. Басқосуды қорытындылай келе, құтқарушылар ата-аналарға балаларын назардан тыс, жалғыз қалдырмауды ескертті. Сонымен бірге, алдын алу шарасы ретінде балаларға суға түсу ережесі жөнінде айтуға шақырды.

Жазда жазатайым жағдай жиілейді

Жаз маусымын қалай жарақатсыз өткізуге болады? Бұл да өзекті мәселе. Құтқарушылар жазғы демалыс кезінде ата-аналардың да талап-тілегіне ден қойып, ұсыныстарын ескеретінін айтады. Жаз айларында жазатайым оқиға аз болмайды. Шынында да, көптен күткен жазғы демалыста балалар өз бетінше көп ойнайды. Олардың жол бойында, ойын алаңында, су жағасында болуы жиілеп, қауіп-қатерді елеі бермейтіні тағы бар.

ӨКҚ-де өткен басқосуда Алматы қаласының ТЖД-ның мамандары, құтқару қызметінің өкілдері жазғы уақытта жиілейтін жарақаттану жағдайына айрықша тоқталу себебі осы. Жалғыз қалған қауқарсыз балаға қауіп демалыс орнында ғана емес, үйде де болуы мүмкін. Алматы қаласы құтқару қызметі сапаны бақылау қызметінің басшысы Шыңғыс Тұрлыбековтың айтуынша, жаз мезгілінде балалар ұшырайтын жағдайдың басым бөлігі – оларды үй-жайда жалғыз қалдыру.

Быылғы маусым айында қиын-қыстаудан 4 бала құтқарылғанын білдік. Олардың бәрі пәтерде қараусыз қалған. Су қоймасы маңында тұратын балалар шомылуға ересектердің қадағалауынсыз жиі келетіні байқалады. Мұндайда құтқарушылар балаларды үйге қайтарып жіберуге тырысады, не болмаса қауіптің алдын алу шарасы жөнінде айттып, түсіндіреді, оларды суға түсу ережесімен таныстырады. Мамандар жазда ересектердің де назарын судағы қауіпсіздікке аударып, арнайы бөлінген жерде шомылуға, демалуға шақырады.

«Балалар жарақатына жиі ұшырататын жағдай – олардың отпен ойнауы. Ересектердің сіріңкені, оттықты, электр құрылғысын балалардың қолы жететін жерге қалдыруы да өртке себ болуда. Балақайлардың сіріңкені әуелі пәтерде, сосын аула мен шатырда жағып көруінің соңы апатқа ұрындыруда. Қауіп төнген кезде (ересектер болмаса) балалардың шұғыл қызметке қоңырау шалуы аса қажет. Ыстық кезде өрттің өте тез таралу қаупін ескерткіміз келеді», – деп атап өтті Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркебұлан Жұматаев.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ЕЛ БЕЙНЕСІН КӨРСЕТЕТІН КӘСІП

өзгелерге үлгі болуы керек

Биыл Қазақстан полициясы құрылып, ел қауіпсіздігіне қызмет етіп келе жатқанына 31 жыл толды. Өзгенің өмірі үшін өз өмірін қауіпке тігу – Антына адал тәртіп сақшыларының күнделікті жұмысы. Мереке қарсаңында Алматы қаласы Полиция департаментінің басшысы, қаланың бас полицейі Арыстанғани ЗАЙПАРОВПЕН сұхбаттасудың сәті түскен еді.

ІШКІ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

– Арыстанғани Расылханұлы, сұхбатымыздың кіріспесін Әділетті Қазақстан полициясының келбетінен бастасaq. Мәңгілік ел сақшылары туралы айтып өтсеңіз...

– Қатардағы әрбір полиция қызметкері Әділетті Қазақстанның келбеті деп ойлаймын. Себебі, біздің әрбір әріптес қоғам алдында, Отан алдында Антына адал болуға тиіс. Қағида мен бұйрық қатаң сақталады. Бүгінгі күндегі басшы ретіндегі қоятын талаптарымыздың бірі – Антқа адалдық. Күн мен түнге қарамай, уақыт пен ауа райымен санаспайтын осы бір мамандықтың жанкештілігі мен жауапкершілігін сезіне білу керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ішкі істер органдарының басты міндеті – қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өмірді, денсаулық пен мүлікті қорғау. Ел ұйқысының тыныш болуы үшін кірпік қақпауға әрқашан әзір, үнемі сақ болу. Бастысы – халықтың қызметкері болуға тиіс. Қазақстан полициясының бүгінгі келбеті – осындай.

– Алматы – Қазақстандағы ең көп қылмыс жасалатын қала. Жыл сайынғы статистикада қылмыстық құқықбұзушылықтар санының ең көп өсімі де осы қалада анықталған. Қала үлкейіп, тұрғындар саны көбейген сайын қылмыс та көбейеді. Қаланың қазіргі криминалдық жағдайын қалай бағалайсыз?

– Бірінші кезекте Алматы – Алматы болғандықтан қылмыс көп тіркеліп тұрған жоқ. Басқа өңірлермен салыстырғанда, республика



шенберінде тұрғындардың ең көп шоғырланған жері – Алматы. Қалада 2 280 000-ға жуық тұрғын бар. Халықтың саны көп болғандықтан әртүрлі қылмыс та болатыны анық. Бұған полиция қызметкерлерінің кәсіби даярлығының төмендігі немесе алдын алу шаралары қажетті деңгейде жүргізілмеген деп қарауға болмайды. Жақында ғана әріптестермен бірге сараптама жасағанбыз. Соңғы 5 жылды қарастыратын болсақ, жылдан-жылға қылмыс саны төмендеп келе жатыр. Былтырғымен салыстырғанда, қала деңгейіндегі қылмыс тіркелуі 35–45 пайызға азайған. Мысалы, егер өткен жылдың бірінші тоқсанында орташа есеппен бір тәулікте 120 қылмыс тіркелсе, 2022 жылдың желтоқсан айының қорытындысы бойынша күніне 66 қылмыс тіркелді.

Қалада жол қауіпсіздігі мен түнгі тыныштықты бұзу мәселесі өте өзекті. Қазіргі крими-

налдық ахуал бойынша қылмыстың саны биылғы 5 айда өткен жылдың 5 айымен салыстырғанда, 23 пайызға төмендеді.

«ӘКЕҢ ЖАМАН ДЕГЕНМЕН, ЖАҚСЫ ӘКЕНІ КІМ БЕРЕДІ?»

– Жасыратыны жоқ, көбінде полиция өкілдерін «жазалаушы», «парақор» деп қабылдайтын сана қалыптасқан. Расымен, барлық қызметкер мінсіз емес шығар? Қоғам полиция қызметкерлерін қаншалықты құрметтейді?

– Барлығына бірдей жағу мүмкін емес. «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды». Қандай жағдайда болсын, кез келген адам басына қиын іс түссе, ең бірінші полиция қызметіне жүгінеді. Басшылардың міндеті – саптағы қызметкерлерді Әділетті Қазақстанның қойып отырған талабына сай жұмыс істеуге тәрбиелеу. Әрине, тәртіптің сақшыларына баға беретін – қоғам. Мен күнделікті нәтижені ғана көремін. Бүгін істелген жұмыстарды 5-ке бағалағанымызбен, ал қоғам оны оң бағаламауы мүмкін. Онда біз одан да көп күш салуға тырысуымыз керек. Біздің жақсылығымызды да, жамандығымызды да ең бірінші қоғам көреді. Бүгінгі күні полиция қызметкеріне қатысты «бетімен кеткен, тәртіпке бағынбайтын парақор» деген ұғым жоғына сенемін. Болашақта бұдан да жақсы нәтижеге жетеміз. Өйткені, сол қоғаммен бірге жүріміз. Халықтың тарапынан айтылатын сын шын болса, көтеріміз, түзетеміз. Қызметтегілердің жұмысы бізге қарағанда халыққа шынайы көрінуі мүмкін.

– Жақында ішкі істер жүйесіндегі бұрын жойылған ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлімі қайта жанданды. Қылмысты анықтауда бұл бөлімнің артықшылығы неде?

– Иә, ішкі істер органдарында бұл бөлім төрт жылға жуық болған жоқ. Айта кететін жәйт, бұл бөлімнің құрылымдары криминалдық полиция басқармасының ішінде орналасқан. Бөлім, топ, болмаса басқа да бөлімдер сол құрамда болды. Төрт жыл бойы ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізілмеді деген

● КЕРЕК ДЕРЕК:

- * Күніне 2 жарым мыңға жуық полиция қызметкері қызметтік міндетін атқарады. Оның ішінде патрульдік пен учаскелік полицияның, тергеу тобының құрамы бар. Ал жалпы Алматы қаласында 6 мыңнан аса тәртіп сақшысы жұмыс істейді.
- * Қаланың криминалдық ахуалы тұрақты. Биылғы 5 айда қылмыстың саны 23 пайызға төмендеген.
- * Полицияны шұғыл шақырту «102» желісіне күн сайын 5 мыңға жуық қоңырау келіп түседі.

ұғым қалыптаспауы керек. Арнайы бөлім болмаса да департамент қылмысқа қарсы күрес жүргізді. Министрдің шешімімен өз алдына бөлек бөлім құрылды. Жалпы, бүгінгі күнде бір жылда Алматы полиция департаменті ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс атқарды. Бөлім жаңадан ашылғаннан кейін бірқатар қиыншылық та болды. Штаттың бірлігі ұлғайды. Білімі, тәжірибесі көп, ұйымдасқан қылмыспен күресте тәжірибесі бар мамандар тартылды. Мұндай жауапты, күрделі жұмысқа жас курсанттарды ала алмаймыз. Бөлімге аудан басқармаларынан тәжірибелі қызметкерлер іздестірдік. Арнайы бөлімнің жұмысы үшін басқа аймақтардан ауысып келген әріптестер де болды.

– Күн сайын қаланың «102» полицияны шұғыл шақырту желісіне қанша қоңырау келіп түседі?

– Желі операторлары жедел басқару орталығының желісіне келіп түскен ақпарат арқылы шұғыл әрекет етеді. Хабарламаларды 14 оператор өңдейді. Әр оператор күніне 250 қоңырауға жауап береді. Орта есеппен алғанда, күніне шамамен, 4,5 мыңнан астам қоңырау келеді. Оның бәрі қылмысқа қатысты емес. Желіге келетін ақпараттардың ішінде «көлігім аулада тұр, басқа біреудің көлігі жолыма бөгет жасап тұр», «аулада біздің аулада тұрмайтын басқа біреулер отыр» деген сияқты жәй ақпараттар да бар. Тұрмыстық жағдайларға, үй ішіндегі ұрысқа қатысты шақыртулар болады. Қылмысқа қатысы жоқ болса да, біздің қызметкерлер оқиға орнына баруға міндетті. Әрбір түскен хабарламаға қызмет көрсетіледі. Қабылдау жабдығы автоматты режимде жұмыс істейді. Әрбір қоңырау кезек тәртібімен қабылданады.

– Жалған хабарламалардың да болатынын естіп жүрміз. Ақпараттың расталған немесе жалған екені қалай анықталады?

– Тексеру барысында анықталады. Басқа ешқандай жолы жоқ. Хабарлама сенімсіз болған күннің өзінде тексеріс жүргізілуі керек. Баяғыдан қалған «өтірікшінің шын сөзі зая кетті» деген сөз бар. Сондықтан кез келген шақыртуға қызметкерлер оқиға орнына аттанады.

Өз атымнан, Алматы қаласы Полиция департаментінің жеке құрамының атынан барлық әріптесімді кәсіби мерекемен құттықтаймын! Еліміз тыныш болсын! Еңбектің жемісін көріп, қызметке адалдық танығайық.

– Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ГҮЛДЕР ХИКАЯСЫ»

Өтетін орны: «Алатау» дәстүрлі өнер театры («Алғабас-1») ықшамауданы, 6-үй).
Күні мен уақыты: 23 маусым, сағат 11.00.
Жас шектеуі: 7+.



«ҚУЫРШАҚ»

Өтетін орны: Мемлекеттік қуыршақ театры.
Күні мен уақыты: 23 маусым, сағат 16.00.
Жас санаты: 16+.



«ВИННИ ПУХ»

Өтетін орны: Тотальды театр (Шевченко көшесі, 114).
Күні мен уақыты: 24 маусым, сағат 12.00 және 16.00.
Жас санаты: 0+.





ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ



АЙНАЛАЙЫН, ҚОҢЫР ҚОЗЫМ!

немесе балаңызды қалай еркелетесіз?

Бір дана ғалымнан «Баланы еркелету керек пе?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Әрине, еркелету керек. Өйткені, оны алдында қандай тағдыр күтіп тұрғаны белгісіз» деген екен. Рас, ата-анадан балаға керекті – ең алдымен жылы сөз, мейірімділік. Баласына деген бар махаббатын «айналайын» деген бір сөзге сыйдырған дана халқымызда балаға қатысты айтылатын небір әдемі сөздер бар. Бірақ жаһандандудың әсерінен болар, бүгінгі ата-ананың лексиконында құлаққа түрпідей тиетін өзге тілден енген «жаргондар» көп.



ры сирегені де жиі айтылып жүр ғой. Бесік жырын айту былай тұрсын, бүгінде баланы қазақша еркелетудің өзі арманға айналғандай.

Бұрындары қазыналы қарттарымыз ұл балаларға батырлар жырын жаттатып, кішкентайынан намыстарын жанып, ұлттық құндылықтарды құлақтарына құйып өсірген. Сондай-ақ, дана әжелеріміз бен аналардың балаларын еркелетіп «айналайын» деген жылы сөзі кез келген адамның жан-жүрегі елжіретіп, тұла бойын тебірендетеді. «Айналайын, құлыншағым», «қарашығым», «қоңыр қозым», «садаған кетейін», «қылықтарынан айналайын», «Аллам бере салған, айналайыным» деген жылы сөздермен немерелерін еркелетіп, мәпелейтін ата-әжесі бар бала бақыты. Өйткені, мәпелей айтылған сөздің астарында үлкен мән жатыр. Бұл жай ғана сөз емес, ғасырлар бойы сөз түрінде сақталып келе жатқан ежелгі салттымыз, ұлттық болмысымыз.

Көненің көзіндей болған қариялар баланың азан шақырып қойған атын атамай, мағыналы сөздермен еркелететін болған. Мысалы, ұлы Абайдың азан шақырып қойған ныспысы Ибраһим. Зередей дана әжесі сүйікті немересін Абай деп атады. Осы атпен ақынның есімі күллі әлемге танылды. Ал Шоқан Уәлихановтың шын есімі Мұхаммедқанафия екенін көпшілік біледі. Оны да әжесі Айғаным Шоқан деп еркелеткен. Адамға тілге де жеңіл, құлаққа да жағымды, қысқа да нұсқа ат берудің өзі өнер.

Қазіргі заманда кешегі Зере, Айғаным әжелер секілді мән-мағынасы терең есім бере алмасақта, балаларымызды қазақша еркелетіп, ұлттық рухтың дәнін ексек, тамаша болмас па еді...

Ата-бабаларымыздың кішкентай сәбиге деген сүйіспеншілігін, жылылығы мен мейірімін «ботам», «ботақаным», «қошақаным», «құлыншағым», «шөжем», «тайлағым», «көжегім» деген сөздер арқылы жеткізуі сонау ежелгі таным-түсінігімізден хабар береді. Сондай-ақ, адам есімдеріне қазақ тіліндегі – жан, -тай, деген жалғауларды немесе -ым, -ім деген меншіктік жалғауларды қосу да еркелету әсерін білдіреді.

Мысалы: Зережан, Маратжан,

Арманжан, т.б. Егер адам есімі «жан» деп аяқталатын болса, Айжантай, Ержантай деп те айтамыз. Бүгінде сирек кездесетін Айна – Айнаш, – Әсия – Әсияш, Әлия – Әлияш, Мәрия – Мәрияш деген есімдер де еркелетіп атаудың бір нұсқасы. Маралым, Ажарым, Балым деп те еркелету қазаққа тән.

Қазақ – ырымшыл халық. Көненен келе жатқан ғұрыптардың бірі – аластау. Бұрындары қазақ отбасында жас жеткіншек сырқатқа шалдығып ауырғанда әкесі, анасы немесе егде жастағы адам сол жастың сауығып, дертінен айығып, жанын аман алып қалу үшін аластайтын болған. Баласы ауырғанда әкесі киімін теріс аударып киіп, мойнына белдік іліп, оның «төменгі әлемге түскенін» білдіріп, баласын айнала бастаса, екінші жағдайда қарияларымыз киіз үйдің дәл ортасына науқасты жатқызып, үш мәрте айналып, есікке келген сәтте «айналайын» деп дауыстайды екен.

Бұл ырымнан кейін бала сауығып, сол ырым жасаған қарт ауруға шалдығып немесе жантаңданып етеді екен. Содан бері осы асыл сөз ұмытылмай, бабаларымыз балаларына «айналайын» деп еміренеді екен. Бұл дегеніміз, «сенің жолыңда менің жаным құрбан», «сенің мұңыңды маған берсін», «садағана жанымды берейін» деген мағынаны білдірсе керек. Қазақтың бір ауыз сөзінде қасиетті тылсым, жанашырлық, мейірімділік пен балаға деген шексіз махаббат жатыр.

«Айналайын» сөзінің қадірі туралы ақын Кәкімбек Салықов: «Бүкіл әлем сөйлегенде бір тілде, «Айналайын» деген сөзді сақтармыз» деген өлең жолдарында әдемі жеткізген. Шынында, «айналайын» сөзі ешбір тілге аударылмайды, өзгеге мағынасын түсіндіре де алмайсың.

ЖЫЛЫ СӨЗДЕР

- Жарық жұлдызым.
- Болашағымсың.
- Аспандағы жұлдызым, жердегі құндызым.
- Шаңырағым!
- Шаңырағымның иесі!
- Қолқанатым!
- Алтыным!
- Құлыншағым, құлыным!
- Жаным!
- Күлімдеген күнім!
- Ақылдым!
- Көзімнің ағы мен қарасы!
- Тапқырым!
- Данышпаным!
- Үздігім!
- Балапаным!
- Тәттім!
- Айбалталы батырым!
- Күнім!
- Айым!
- Аяулым!
- Патшам!
- Қара қызым, дара қызым!
- Топмайым!
- Ханишайымым!
- Мейірбаным!
- Естиярым!
- Қоңыр қозым!
- Ізбасарым!
- Шынарым!
- Мирасым!
- Аппақ көгершінім!
- Ақ пейілді періштем!
- Жақұтым!
- Асылым!
- Моншақтым!
- Үкілім!
- Қырмызы түсті қызғалдағым!
- Шаттығым менің!
- Қуанышым!
- Кербезім!
- Еркетайым!
- Үмітім!
- Асқар тауым!
- Бота көзім!
- Ақтотым!
- Бұлбұлым!
- Сүйкімдім!
- Гауһарым, жақұтым!

Ал сіз балаңызды қалай еркелетесіз, құрметті оқырман?

НЕ?

«ФЕЯЛАР МЕН СИҚЫРШЫЛАР»

Өтетін орны: «La Bohème» театры (Зенков көшесі, 24).
Күні мен уақыты: 24 маусым, сағат 12.00.
Жас санаты: 3–8.



«ҚЫЗ МҰҢЫ»


Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 25 маусым, сағат 18.30.
Жас санаты: 14+.



ҚАШАН?

«ҰМЫТЫҢДАР ОНЫ»

Өтетін орны: F.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты: 25 маусым, сағат 18.30.
Жас санаты: 16+.



Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ДҮЙСЕНБІ
26 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
6.45 Әсем әуен
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
12.40 Үздік әзілдер
13.30 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб. «Несмотря ни на что»
17.00 Женский кино клуб. «Верь мне»
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Телехикая. «Ханзада Ли Сон»
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Үміт пен үрей». Телехикая. (с субтитрами)
14.20 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
15.10 «Дара». Ұлттық білім бәйгесі
16.10 «Самалмен сырласу». Телехикая
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Сана»
2.30 «Күй-керуен»
3.05 «Өмір көркем»
3.55 «Ауылдастар»
4.25 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Мегахит. «Голодный кролик атакует»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультсериал. «Команда Дино»

12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Келінжан 4»
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
00.00 «StartUp KZ»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Ризамын
08.00 «Күліп ALL»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
12.00 Мультсериал «Маша и медведь»
12.40 КИНО. Дженнифер Лоуренс, Крис Пратт в фантастическом триллере «Пассажиры» (повтор)
15.20 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «План побега 3» (повтор)
17.30 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «50/50». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
22.00 КИНО. Томми Ли Джонс в фантастическом боевике «Вулкан»
00.20 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
01.20 «Анупама» үнді телехикаясы
02.00 КИНО. «Станция судьбы»
03.30 «31 әзіл»
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
9.05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
11.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.00 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
13.05 «СПРОСИТЕ МЕДСЕСТРУ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Михаил Трухин в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
0.50 Дмитрий Марьянов, Нонна Гришаева в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ»

2.00 Ночной кинотеатр. «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ»
2.55 «НОВОСТИ»
3.00 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
3.10 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.55 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР» До
4.30



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman
08.50 Т/п «Гадалка»
09.20 Т/с «Сильная женщина»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.40 Т/п «Келесі кім?»
16.20 Әзіл time
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Нити судьбы»
20.00 Т/с «Жена олигарха»
21.00 Т/с «Первая отрицательная»
21.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22.40 Т/х «Көзайым»
23.40 Т/х «Пеленшеевтер»
00.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
01.00 Т/п «Айна Online»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КЕТТІК ТОЙҒА»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 «ИГРА СУДЬБЫ», казахстанское кино (худ. фильм) (повтор)
10.50 «МОЯ ЧУЖАЯ ЖИЗНЬ», мелодрама (худ. сериал) (повтор)
15.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.30 «МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «КЛЯТВА ВРАЧА», мелодрама (худ. сериал)
23.30 «СТРАЖНИК», криминальный детектив. Премьера! (худ. сериал)
01.40 «ИГРА СУДЬБЫ», казахстанское кино (повтор)
03.00 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы. С субтитрами на русском
04.00 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
04.30-
05.00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубов. «AL Qurain» (Кувейт) – «T-Sport» (Индия)
08.30 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
09.00 ФУТБОЛ. Ұлттар Лигасы. Жартылай финал. Нидерланд – Хорватия

12.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
12.50 ДЗЮДО. Grand Slam
14.50 «Тәлімгер». Марат Жақыт. Деректі фильм
15.20 РУКОПАШНЫЙ БОЙ. Чемпионат Мира
17.55 Арнайы репортаж
18.10 СТЕНДОВАЯ СТРЕЛЬБА. Кубок Мира
20.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
20.40 ММА. «OCTAGON 46»
00.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
01.10 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 «Бой сергіт!» ойын-сауықтық бағдарлама
7.15 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
7.40 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
8.05 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
9.00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.15 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
9.25 «Лесси» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
10.00 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.25 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама.
10.35 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
11.00 «Суретші балапан» танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Бөпе»
11.40 Анимация. Отандық / «Жібек»
11.50 Анимация. Отандық / «Екі дос»
12.00 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама.
12.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.25 «Күпия кітап» ситком.
12.45 «Зузудың достары» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
13.55 «Саядан хат» танымдық бағдарлама
14.15 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
14.40 «А4» ситком.
15.00 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
15.35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.50 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.05 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
16.20 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
16.50 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
17.15 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
17.40 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
17.55 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
18.20 «Күпия кітап» ситком.

18.40 Анимация. Отандық / «Жібек»
18.50 Анимация. Отандық / «Екі дос»
19.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
19.25 «Лесси» Мультхикая.
19.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
20.20 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.45 «А4» ситком.
21.05 «Зузудың достары» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.00 «Сикырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
22.45 «Саядан хат» танымдық бағдарлама
23.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.25 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Практика 2» телесериал
10.10 «Қарлығаш ұя салғанда» телехикаясы
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Қара ниет» түрік телехикаясы
15.35 «Склифосовский 2» телесериал
18.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
22.50 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал

TALIM TV

TALIM TV

07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Балалық шаққа саяхат
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 Қалақай
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.24 Dental planet
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «7 келін» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Айтыс. Алтын қор
18.00 Менің анам, әкем
18.20 Саморазвитие с Маржан-коуч
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
19.00 Тәлім trend
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 «Үлкен үй-1» – телехикая
22.00 «Бабалар сөзі – өсиет»
22.30 Автопортрет
22.55 Views

СЕЙСЕНБІ
27 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
6.50 Әсем әуен
7.45 Жаңалықтар/Новости
8.00 Таңғы студия
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб. «Несмотря ни на что»
17.00 Женский кино клуб. «Верь мне»
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Махаббат деген...»
21.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Телехикая. «Ханзада Ли Сон»
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жазықсыз жүрек». Телехикая
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Үміт пен үрей». Телехикая. (с субтитрами)
14.25 «Қызық екен...»
15.25 «Әйел әлемі»
16.00 «Самалмен сырласу». Телехикая
17.00 AQPAPAT
17.15 «ҚҰРБАН АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». Сұхбат
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Құрбан айт қабыл болсын!». Сұхбат
1.40 «Сана»
3.00 «Әйел әлемі»
3.30 «Өмір көркем»
4.20 Әнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телесериал. «Кто ты?»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.30 Мультсериал. «Команда Дино»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Кто ты?»
18.00 Новости

- 18.20 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Келінжан 4»
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
00.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
01.00 ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Информбюро (повтор)
08.00 «Күліп ALL»
09.00 «Жапырақтар тегілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
12.00 Мультсериал «Маша и медведь»
12.40 Томми Ли Джонс в фантастическом боевике «Вулкан» (повтор)
15.00 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман» (повтор)
17.20 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман 2»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «50/50». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
22.00 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Хаос»
00.30 «Жапырақтар тегілгенде» түрік телехикаясы
01.10 «Анупама» үнді телехикаясы
01.40 «31 әзіл»
02.10 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
9.05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
11.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.00 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ». Многосерийный фильм
13.05 «СПРОСИТЕ МЕДСЕСТРУ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Михаил Трухин в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
0.50 Дмитрий Марьянов, Нонна Гришаева в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ»
2.00 Ночной кинотеатр. «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ»
2.55 «НОВОСТИ»
3.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.10 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Jaidarman

- 09.00 Т/с «Нити судьбы»
11.10 Т/с «Жена олигарха»
12.20 Т/с «Женский доктор»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Нити судьбы»
20.00 Т/с «Жена олигарха»
21.00 Т/с «Первая отрицательная»
21.40 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22.40 Т/х «Көзайым»
23.40 Т/х «Поленшеевтер»
00.20 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
01.00 Т/п «Айна Online»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/п «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.40 «БЫЛО ДЕЛО»
10.20 «СТРАЖНИК», криминальный детектив (повтор) (худ.сериал)
12.40 «КЛЯТВА ВРАЧА», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.30 «МАХАББАТ ОЙЫНДАРЫ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «КЛЯТВА ВРАЧА», мелодрама (худ.сериал)
23.30 «СТРАЖНИК», криминальный детектив. Премьера! (худ.сериал)
01.25 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
01.55 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
02.40 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы. С субтитрами на русском
04.10 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
04.30-
05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран
07.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
07.35 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубов. «Uzbekchka» (Узбекистан)
08.55 Арнайы репортаж
09.15 ФУТБОЛ. Ұлттар Лигасы. Жартылай финал. Испания – Италия
11.30 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Германия – Доминикан Республикасы. Тікелей эфир
14.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
14.55 БОКС. «Елорда Кубогы» халықаралық турнирі. Тікелей эфир
18.55 «Жеңіл салмақ жампозы». Біржан Жақыпов. Деректі фильм

- 19.20 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер) Таиланд – Нидерланд. Тікелей эфир
21.20 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
21.50 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы U-21 среди молодежных сборных. Португалия – Бельгия. Прямой эфир
00.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.35 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы U-21 среди молодежных сборных. Хорватия – Румыния. Прямой эфир
02.35 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
03.00 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама
7.15 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
7.40 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
8.05 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
9.00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
9.15 «Аспаз мектебі» танымдық бағдарлама
9.25 «Лесси» Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
10.00 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.25 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама.
10.35 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
11.00 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
11.40 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
11.50 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»
12.00 «Ғажайып өлке» танымдық бағдарлама.
12.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.25 «Галактикадағы сайыс» интеллектуалдық ойын.
12.45 «Зузудың достары» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
13.55 «Қос алқа» танымдық бағдарлама
14.15 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
14.40 «A4» ситком.
15.00 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
15.35 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
15.50 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.05 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
16.20 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
16.50 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
17.15 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
17.40 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
17.45 Анимация. Отандық / «Жұлдыздар әлемі»

- 17.55 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
18.20 «Галактикадағы сайыс» интеллектуалдық ойын.
18.40 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
19.00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.
19.25 «Лесси» Мультхикая.
19.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
20.20 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
20.45 «A4» ситком.
21.05 «Зузудың достары» Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер. Құтқарушы боттар» Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
22.55 «Қос алқа» танымдық бағдарлама
23.05 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.25 «Тәй-тәй шоу» ойын-сауықтық бағдарлама
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

- 06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Практика 2» телесериал
10.10 «Қарлығаш ұя салғанда 2» телехикаясы
12.20 «Осман» түрік телехикаясы
13.20 «Қара ниет» түрік телехикаясы
15.35 «Склифосовский 2» телесериал
18.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
22.50 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Узнай меня, если сможешь» телесериал

TALIM TV

TALIM TV

- 07.00 Syrym story
07.40 Руханият
08.10 Қазақ спортының классикасы
09.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
11.00 Пруст сауалнамасы
11.30 Семейный доктор
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Өнер қырандары
13.24 Dental planet
13.30 Бір дубль
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-1» – телехикая
16.30 ТамашаLike
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Оңline
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Емен-жарқын
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 «Үлкен үй-1» – телехикая
22.00 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
22.30 Orkeni style
22.55 Views

СӘРСЕНБІ
28 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

ҚҰРБАН АЙТ

БАҚ қызметкерлері
күні

6.00 Әсем әуен
7.00 Қош келдіңіз!
8.00 Мультфильмы
9.40 Детский киноклуб
11.00 Большое кино
13.00 Концерт
14.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Махаббат деген...»
15.00 Женский киноклуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Махаббат деген...»
22.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
23.00 Мужское кино
1.00 Телехикая.
«Ханзада Ли Сон»
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы тұнған тарих
4.15 Алматинские истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «Мұра»
7.20 «Киелі Qazaqstan». Деректі фильм
7.40 «Домалақ ана». Көркем фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.) (с субтитрами)
9.30 «Құрбан айт қабил болсын!». Сұхбат
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая
12.00 «МузАрт» ансамблінің концерті
15.00 «Менің атым Қожа». Көркем фильм («Қазақфильм», 1963 ж.)
16.50 «Гауһартас». Мәдени-танымдық бағдарлама
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.20 «Далам менің». «Дос-Мұқасан» ансамблінің 55 жылдық мерейтойына арналған ән кеші
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.25 «Домалақ ана». Көркем фильм. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.) (с субтитрами)
1.00 AQPAPAT
1.20 «Сана»
2.40 «Ауылдастар»
3.10 «Тұлға»
3.30 «Мұра»
3.50 «Жәдігер»
4.10 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Телесериал. «Кто ты?»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «В фокусе»
10.30 Мультхикая. «Джеки Чанның жаңа хикаялары»
11.50 Мультхикая. «Ғарыштық рейнджерлер»
12.00 Телехикая. «Мелек 2»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал. «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Ток шоу. Итоги

19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая. «Бозторғай»
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
00.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
01.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Информбюро (повтор)
08.00 «Күліп ALL»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)
10.00 «Құнсыз келін» үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
12.00 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. Джейсон Стэйтем в боевике «Хаос» (повтор)
15.20 КИНО. Донни Йен в боевике «Ип Ман 2» (повтор)
18.00 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Доспехи Бога»
20.00 КИНО. Майкл Фассбендер в историческом боевике «Центурион»
22.10 КИНО. Джерард Батлер в боевике «Охота на воров»
01.20 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
01.40 «Анупама» үнді телехикаясы
02.20 «31 әзіл»
03.00 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.05 «KOREMIZ» бағдарламасы
9.15 Денис Матросов, Ольга Лерман в многосерийном фильме «МАШКИН ДОМ»
12.25 Наши любимые комедии.
«БРИЛЛИАНТОВАЯ РУКА»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Михаил Трухин в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
0.50 Дмитрий Марьянов, Нонна Гришаева в многосерийном фильме «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ»
2.00 Ночной кинотеатр.
Медицина ғылымының негізін қалаушы Гиппократ: «Мен қандай науқастың үйіне кірсем де, оның жағдайын жеңілдету үшін кіремін» деген өсиет қалдырған. Асан аға сонау көне ғасырлардан бүгінге дейін жеткен ғұламалардың түрлі өсиеттерін өзінің «Дәрігердің ой-толғаулары» деген кітабында талдап, медицинаны өмірлік кәсібі ретінде таңдаған адамға қажетті қасиеттер туралы тарқатып жазған. Автор бір сөзінде: «Әрқашан науқасты мұқият тыңдаңыз, егер сұрақ қойса, тиянақты түрде жауап беріңіз. Өз ойларыңызды қарапайым, анық, қысқа, ғылыми сөздіктерді қолданбай жеткізуге тырысыңыз, науқастың сөзін бөлмей, сыпайылық танытыңыз» деп болашақ дәрігерлерге құнды кеңесін береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асан ҚАНЫБЕКҰЛЫ,
ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі:

ДӘРІГЕР ДЕ АУЫРАДЫ

Ақ халатты абзал жан – бұл барлық уақытта үлкен құрметке ие болуға тиісті мамандық, себебі оның күнделікті жұмысы науқастың азабын жеңілдетуге немесе олардың өмірі қыл үстінде тұрғанда сақтап қалуға бағытталған қызмет. Баласағұндың «Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды» дейтін сөзі бар ғой. Данышпан айтпақшы, өзін де осы жылдың көктемінде қатты науқастанып, Алматы қалалық медициналық жедел жәрдем көрсету ауруханасының дәрігерлеріне қаралуға мәжбүр болдым. Науқастарды қабылдау бөлімінің терапевт дәрігері мені шұғыл түрде қабылдап, шағымдарымды зейін қойып тыңдап, тексеріп, ЭКГ жасатып, алғашқы дәрігерлік көмекті көрсетті. Кейіннен емді жалғастыру үшін Алматы қалалық кардиология ауруханасына бардым.

Қалалық кардиология ауруханасының науқастар қабылдау бөліміндегі білікті, кардиолог дәрігерлер маған толық көлемде тексеріс және мамандандырылған көлемде медициналық көмек көрсетті. Менің шәкіртім, емдеуші дәрігерім, өте инабатты абзал жан Назира Ізтілеуқызы бар ынтасымен көңіл бөліп, жүрегіме коронография жасатты. Кардио-хирург Айжан Нұржанқызы тексерістен кейін, жүректің екі тамырының өзегі тарылып қалғандығын, жедел түрде бір тамырға, сегіз ай өткеннен кейін екінші тамырға стент қоймаса болмайтынын ескертті. Кейін операция жасауға келісімді бердім.

Ота сәтті өтті. Бөлімшенің медицина қызметкерлерінің (мейірбикелер, кіші мейірбикелер), әсіресе емдеуші дәрігерім Назира Ізтілеуқызы мен бөлімше меңгерушісі Гаухар Қайратқызының елеулі еңбегінің арқасында ауруымнан құлан-таза жазылып шықтым. Дегенмен де, қазақта «Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады» деген сөз бар. Содан бір аптадан кейін жүрегімнің ұстамасы ұстап, қайтадан сол аурухананың аритмиология бөлімшесіне түстім. Сондағы аритмиология бөлімшесінің дәрігерлері кардиохирург Елжан Мұхтарұлына, бөлімше меңгерушісі Бегжан Арленұлына ерекше алғысымды білдіремін. Сол күннің ертеңіне менің бұрынғы шәкіртім, қазіргі кезде білікті кардиохирург Елжан Мұхтарұлы және анестезиолог-реаниматолог Венере Ильшатқызы маған кардиостимулятор аппаратын қойып берді. Сол уақыттан бері жүрек ұстамасын ұмытқаным біршама уақыт болды.

Менің ойымша, ауруханаға түскен науқастардың сауығып кетуіне мүмкіндігінше барлық жағдайлардың жасалуына және науқастың жүрек ауруын «жүрекпен және сүйіспеншілікпен» емдеу қажеттілігінің қалыптасуына Қалалық кардиология ауруханасының директоры, профессор Алмат Тұрысбекұлының еңбегінің зор екендігін айта кеткім келеді. Алмат – өзімнің үздік шәкірттерімнің бірі. Бүгінде шәкірттерім Қазақстанның түкпір-түкпірінде, атап айтатын болсам, Қызылорда облысының денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, Алматы қаласының және аудандық ауруханалары мен емханаларда бас дәрігер, институт директоры, кафедра меңгерушісі, көптеген шәкірттерім еліміздің кез келген аймақтарында білікті хирург қызметтерін атқарып жүр. Білімді, білікті шәкірттері бар мен өте бақытты ұстазбын.

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘНІР

БАЛАНЫ ШЕКТЕН ТЫС ӨБЕКТЕУ ДҰРЫС ПА?

Қазіргі күні ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста проблема аз емес. Әр жасөспірімнің психологиялық жағдайын зерттемей кеңес беру өте қиын. Дегенмен, ата-ана мен бала бір-біріне жақын болуы керек. Бір-бірінің өміріне қызығушылық танытып, сұхбаттасу парыз.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл пікірлерді ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс балалар психиатры және Алматыдағы Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының балалар бөлімінің меңгерушісі Марина Вихновская айтты.

– Өкінішке қарай, қазіргі уақытта ата-аналардың бала тәрбиесімен айналысуға уақыты жоқ. Күні бойы жұмыста немесе өзінің кәсібін дөңгелету үшін перзентінің қалай өскенін білмейді, кейде ұл-қызына ешнәрсе бермейді, шамадан тыс қамқорлық жасап, қомақты ақша беріп, қымбат сыйлықтар сатып әперіп, шектен тыс

еркелетеді. Бүгінгі күні баламен сөйлесіп, оның өмірінде болып жатқан оқиғаларды, өзгерістерді білетін отбасыны сирек кездестіруге болады. Дегенмен, жасөспірімдердің өміріне шектен тыс араласып, басқан адымын аңдуға да болмайды. Мұндай қарым-қатынастан бала сізден ашақтап, тұйықталуы мүмкін, – дейді психикалық ауруға шалдыққан балалар мен жасөспірімдерді 33 жылдан бері емдеп келе жатқан балалар психиатры.

Орталықтың «Балалар психиатриясы» бөлімінде жылына 600-дей бала емделеді. Онда мамандар ерекше науқастарға тәулік бойы қызмет көрсетеді.

Марина Вихновскаяның айтуынша, карантин кезінде ата-аналар үйде отырып, балаларының психикасында бұрын байқамаған проблемаларға куә болып, өздері дабыл қағыпты. Кезінде әлемді әбігерге салған коронавирус індеті тұсында еріксіз үйге қамалған талай әке-шеше ұлы мен қызының немен айналысып жүргенін, мінезі қандай екенін енді біліп, психологиялық көмекке жүгіне бастаған. Балалар психиатры пандемия балалар мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасқа ерекше серпіліс берді дейді.

Балалар психиатры жасөспірімдерді



суицид жасауға не итермелейтіні туралы да тиге тиек етті.

– Біз өз өміріне қол жұмсауға оқталған балалармен жұмыс істейміз. Ең алдымен, оны өлімге итермелеген себепті айқындау керек. Суицидтің екі түрі бар. Біріншісі, кейбір науқастар шынымен өз өмірімен қоштасуға бел буады. Енді осындай әрекеттің тағы бір түрі суицидтік әрекетін демонстрация түрде көрсетеді. Қатыгез шешім қабылдауға отбасындағы кикілжің, мектептегі проблема немесе психикалық ауытқушылық, әлеуметтік желідегі психологиялық

қысымға ұшырау, оны айналасындағы адамдардың түсінбеуі, үрей сияқты түйткілдер түрткі болады. Сондықтан жасөспірімнің мінез-құлқынан бір өзгеріс байқасаңыздар, тікелей психологтың көмегіне жүгіну керек, – дейді маман.

Балалар психиатры осыдан 20 жыл бұрынғы балалар мен қазіргі жеткіншектердің арасында айырмашылық барын айтып отыр. Оның айтуынша, бүгінгі баланың ой-санасы көш ілгері. Себебі, олардың барлығы қазіргі технологияны меңгерген. Науқас өзінің дерті жайлы ақпаратты интернеттен оқып, не істеу керек немесе ненің денсаулығына қауіпті екенін біле алады. Дегенмен, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған ақпараттық технологияны ұршықша иіргені бір жағынан тамаша, екінші жағынан кері әсерін де жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, бұғанасы қатпаған, ойы, санасы толық жетілмеген ұлдың да, қыздың да осындай ақпараттарға қолжетімділігінің нәтижесінде психобелсенді заттарды ерте тұтыну, жыныстық қатынас, демонстрациялық суицидке бейімделу сияқты өзекті мәселелердің туындап жатқанын жасырын емес. Сондықтан әр нәрсенің өз орнымен болғаны абзал дейді балалар психиатры.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-351 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 10 қазандағы №11 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Балалар алаңы құрылысы үшін «ҚУСА Халық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Түркісіб ауданындағы, «Нұршашқан» шағынауданы, 483 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-317-103-469), жалпы ауданы – 2,4200 га жер учаскесінен, ауданы – 0,5000 га жер учаскесі бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі бөлігінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілде
№2/220-352 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің бөлігін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №14 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолды ұйымдастыру үшін Аманбай Саянулы Тубекбаевтің Алма-ты қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 3872 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-009-035) жалпы ауданы 0,0735 га жер учаскесінің ауданы 0,0151 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің бөлігін меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-353 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы №1 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалануындағы объект (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін Алматы қаласы-ның Алматы ауданы, Абай даңғылының солтүстігі, Тұрғыт Озал көшесінің шығысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымай-тын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелері-не өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учас-келерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-353 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Мирам Бауржанович Абишев	20-311-019-151	Ислам Каримов көшесі, 229/1	жалпы ауданы – 0,0483, үлесі – 0,0316
2	Мирам Бауржанович Абишев	20-311-019-452	Абая даңғылы, 165	0,2842
3	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы	20-311-019-214	Абая даңғылының солтүстігі, Гайдар көшесінің батысы	0,0028

РЕСМИ БӨЛІМ



almaty-aksham@mail.ru

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-354 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Мем-лекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Аурухана құрылысы үшін Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы, Осипенко көшесінің оңтүстігі, Белградская көшесінің батысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелері-не өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учас-келерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-354 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Қасымова Айгуль Жансериковна, Абишева Кульмайра Жансериковна	20-317-048-107	Белградская көшесі, 1	0,1000
2	«Қазинвестбанк» акционерлік қоғамы	20-317-048-143	Осипенко көшесі, 30/1 учаске	0,1132
3	«Қазинвестбанк» акционерлік қоғамы	20-317-048-144	Осипенко көшесі, 30	0,0933
4	Нурмағамбетова Нұржан Жұмалидовна	20-317-048-061	Осипенко көшесі, 32	0,0753
5	Аскарбекова Галия Мамырбековна	20-317-048-163	Тынышбаев көшесі, 21	0,0822
6	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы	20-317-048-090	Тынышбаев көшесі, 4432	0,0021

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-355 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы №1 қоры-тындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Мектеп құрылысы үшін Алматы қаласының Бостандық ауданындағы Жароков көшесінің батысын-да, Си Синхай көшесінің солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелері-не өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-356 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытын-дысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Балабақша құрылысы үшін Жұлдыз Қаржаубаевна Арасваның Алматы қаласының Алатау ауданы, Нәжітдин Мухитдинов көшесі, 46/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-068-2432) ауданы 0,4000 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өте-мақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учас-кесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылда-сын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-357 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ортақ пайдалануындағы объект (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін «Алатау Прогресс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылының солтүстігінде учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-053-706) ауданы – 0,9884 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-358 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ортақ пайдалануындағы объект (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін «Алатау Прогресс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Алатау ауданы, Ырысты көшесінің батысында, Рысқұлов даңғылының солтүстігінде учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-054-221) ауданы – 1,7687 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-359 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Бальнеологиялық орталық салу үшін «Ыстық су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Алатау ауданы, «Шаңырақ-1» шағынауданы, Рысқұлов даңғылының солтүстігінде, Үлкен Алматы өзенінің батысында мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-042-083) ауданы – 2,4775 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі
№2/220-360 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 7 сәуірдегі №2 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ортақ пайдалануындағы объект (алаң) үшін «Айсер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Алатау ауданы, «Нұркент» шағынауданы, 5 Б үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-050-064) ауданы – 1,1518 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушыны) ескертсін және жер учаскесі меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» gazetine 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртекгі рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almatyaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индекс 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –

Алия ЕСИМХАНОВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.

almatyaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның

компьютер орталығында теріліп,

беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы

қаласы, Қалдақов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ШІЛДЕ» АМАЛЫ

айдың 25-інен басталып, 40 күнге созылады.
Болжам бойынша, ай жаңбырлы, салқын
болатын сыңайлы

Сонымен, «Қоян» жылы жүріп жатыр. Жылнамаға назар салатын болсақ, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» осы қоян («Көкше қоян») жылына тура келеді. 1867 жылғы қоян жылын қазақтар «жалпақ қоян жұты», 1879 жылғыны «үлкен қоян жұты», 1891 жылғыны «кіші қоян жұты», 1915 жылғыны «тақыр қоян жұты» деп атаған. Тым арыға бармай-ақ, 2011 жыл 28 маусымда секундына 13 метр жылдамдықпен соққан дауылдың салдарынан Алматыда 117 ағаш құлап, тау ішінде 500 мың ағаш опат болды. Әрине, оның бетін ары қылсын. Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ» деген ғой бабалар.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Биыл «Көкше қоян» жылы. «Көкше қоян» жылы көктем құрғақ, жауын аз, шөп құнарсыз, қыс апатты, өте суық болып келген. Қазақтың жыл санауы бойынша (наурыздан бастап), жаздың алғашқы айы да бітуге тақау. Қазір маусым айының соңғы аптасы жүріп жатыр. Бүгін айдың – 22-сі. Ай жүйесі бойынша, айдың – 4-ші жаңасы. Қазақша есептесек, әлі маусымның – 9-ы. Алғашқы апта енді бігіп жатыр. Осы төрт айдың ішінде көкшіл қоян талай келеңсіз көріністерді көзіміздің алдына

келтірді. Еліміздің әр жерінде алапат өрт, су тасқыны, автоапаты, шатырларды ұшырған дүлей дауыл, т.б. қасіретті, қайғылы оқиғалар орын алды. Осының алдында Алматыда сағат 17.30 шамасында қатты желдің салдарынан «Нұркент» шағынауданындағы №74 үйдің қасбеті жартылай құлады, деп хабарлады «Қаз-Ақпарат» ХАА тілшісі.

Келе жатқан шілде айы да пайымның болжамынша, селді, желді болайын деп тұр. Кеше көрген жаңа айдың басын ғана көтеріп жатқан үшінші жаңасы бұл жорамалымызды жоққа шығармаса керек.

Ертеректе қазекен шілде айын Зодиак белгісі бойынша, жылдың бесінші айының



атауымен – әсет (асад) деп атаған (араб сөзі) екен. Қазақша арыстан дегенді білдіреді. 40 күндік «Шілде» амалы енді екі күннен кейін басталады. Жаздың екінші айында да жауын-шашын аз болмайтын түрі бар. Аспан әлемі түйдек-түйдек бұлыңғыр бұлттан арылмай-ақ қойды...

Осы 40 күндік аптапты бұрынғылар «Ұлы шілде» деп атаған. Шілденің аңызак, аптап күнін – «шілінгір» деген. Шілде айында амал көп: Таразы (нарық) жұлдызы туады, таң суыйды, «Суыр» амалы келеді. «Үркердің толғағы» басталады. Қырық күн шілде халық аузында «Суыр» деп те аталады. Сұмырай деген сөз суыр айы деген мағынада. Содан халқымыз «Сұмырай келсе су құриды» дейді. Ол амалдар жөнінде өз кезегінде жазатын боламыз.

Аспан денелерінің білдіруінше, осы аптада жаңбыр жиілеп, күн ертеп салқындайтын сыңайлы. Қалай болғанда да, 40 күн шілде есік қағып тұр. Алдағы аптада,

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ШІЛДЕНІҢ АЛҒАШҚЫ
ОН КҮНІНДЕ:

- * Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады;
- * Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлемеді;
- * Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады;
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады.


әсіресе аптаның екінші бөлігінде ыстықтың төмендеуімен бірге нөсерлі жауын, өкпек жел, салқын самал болуы әбден мүмкін. Найзағай ойнап, күн күркіреуі де ғажап емес.

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ



ТОҚТЫ (21.03-19.04)

Тоқты белгісінде туған жандарды осы аптада аздаған қиындық тосқалы тұр. Әсіресе, қызмет барысында. Бірнеше нұсқа таласқа түсіп, таңдау жасау қажеттілігі туады. Шығармашылығыңызды ашуға тырысыңыз.




ТОРПАҚ (20.04-20.05)

Торпақтар үшін жылжымайтын мүлікке қатысты мәселелерді шешуге ең оңтайлы уақыт – осы апта. Құжаттарға қол қою, келіссөз орнату қажет болса, батыл түрде қолға алуыңызға болады. Біршама ақша үнемдеу мүмкіндігі де жоғары.



ЕГІЗДЕР (21.05-21.06)

Дәл қазір сіз көптен бері армандаған арманыңызды орындай аласыз. Апта бойында барынша белсендісіз, бұл жақсы. Иссапарға шығу ұсынысы түссе, қуана келісіңіз. Жағдай мен орын ауыстыру сізге пайдалы болмақ.




ШАЯН (22.06-22.07)

Осы аптада сіз жаңа нәрсені үйренуге мүмкіндік аласыз. Достықтарыңыздан кеңес пен көмек сұраудан қысылмаңыз. Демалыс күндері үй шаруасымен айналысып, тазалық жұмыстарын жүргізсеңіз, айналамен бірге ойыңыз да тазарып қалады.



АРЫСТАН (23.07-22.08)

Келер жетінің барлық күнін іс-әрекетпен, белсенді қимылмен өткізесіз. Сондықтан іш пыстырмайтын апта болғалы тұр. Жыл сайынғы еңбек демалысында болсаңыз, табиғат аясына серуендеуді жиілетіңіз. Немесе ауылға, саяжайға барып тұрыңыз.



БИКЕШ (23.08-22.09)

Кез келген қадамыңызды алдын ала есептеп, жағдайды жіті бақылай аласыз. Сабырлылық танытып, әліптің артын бағуға кеңес береміз. Жағдайды өз қолыма аламын деп тырыссаңыз, «артық» орнына «тыртық» етіп алуыңыз мүмкін.



ТАРАЗЫ (23.09-23.10)

Таразылардың ұрыс-жанжалды ұнатпайтыны, даулы ортада өзін жайсыз сезінетіні белгілі. Өкінішке қарай, алдағы апта сізді дәл осы жағынан сынағалы тұр.



САРЫШАЯН (24.10-22.11)

Осы аптада сарышаяндардың денсаулығы сыр беруі мүмкін. Дер кезінде құлақ асып, дәрігерге жүгініңіз. Тынығыңыз, мүмкіндік болса, бірнеше күнді үйде, тыныштық пен жайлылықта өткізіңіз.



МЕРГЕН (23.11-21.12)

Мергендер айтқанға көнгіш, бұйрыққа бойұсынғыш келеді. Жұмысыңызда көп нәрсе өзгеруі мүмкін. Жақындарыңызбен қарым-қатынаста адалдық ерекше маңызды екенін ескеріңіз.




ТАУЕШКІ (22.12-20.01)

Өмірді өзгертуге аса қолайлы күндер келе жатыр. Осы аптада күмән келтіріп жүрген әрекеттеріңізді доғарыңыз. Ойда жүргендерді жүзеге асыруға үлгеріңіз. Бәрі сәтіммен аяқталады.



СУҚҰЙҒЫШ (21.01-18.02)

Жақындарыңызға хабарласып, өзіңізді естеріне салудан қысылмаңыз. Күнделікті күйбең, бірсарынды сұрқай өмір келесі аптамен жалғасын табады. Тек бойыңызды сілкіп, ойыңызды сергітіп, жаңа бастамаға ықылас танытсаңыз болғаны.



БАЛЫҚТАР (19.02-20.03)

Бойыңыздағы жаман әдеттерден арылудың уақыты келді. Жақын арада сүйікті адамыңызбен ренжісіп қалған болсаңыз, татуласуға тырысыңыз. Аранызды жақсартуға жұлдыздар көмектеседі.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 489,68 теңге



USD/KZT 448,3 теңге



RUB/KZT 5,33 теңге



CNY/KZT 62,48 теңге